ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өрт сөндіру техникасы
ГАЗ-ТҺТІННЕН ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ АВТОМОБИЛЬДЕРІ
Жалпы техникалық шарттар

Техника пожарная
АВТОМОБИЛИ ГАЗОДЫМОЗАЩИТНОЙ СЛУЖБЫ
Общие технические условия

ҚР СТ 2427-2013

НПБ 194-2000 «Өрт сөндіру техникасы. Газдан түтіннен қорғайтын қызмет автомобильдері. Жалпы техникалық талаптар. Сынақ әдістері»,MOD

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өрт сөндіру техникасы
ГАЗ-ТҤТІННЕН ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ АВТОМОБИЛЬДЕРІ
Жалпы техникалық шарттар

ҚР СТ 2427-2013

НПБ 194-2000 «Өрт сөндіру техникасы. Газдан түтіннен қорғайтын қызмет автомобильдері. Жалпы техникалық талаптар. Сынақ әдістері»,MOD

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Қазақтан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің «Өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамымен **ӘЗІРЛЕНДІ**

Қазақтан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитетімен **ЕНГІЗІЛДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2013 жылғы «28» қарашадағы № 548-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт түсіндірмелері «Кіріспе» құрылымдық элементінде берілген техникалық талаптарға және сынақ әдістеріне қосымша ережелерді енгізу жолымен НПБ 194-2000 «Өрт сөндіру техникасы. Газ-түтіннен қорғайтын қызмет автомобильдері. Жалпы техникалық талаптар. Сынақ әдістері» Ресей Федерациясының өрт қауіпсіздігі саласында стандарттау бойынша нормаларға қатысты түрлендірілген және стандарт мәтіні бойынша көлбеу қаріппен белгіленген.

НПБ 194-2000 ресми даналары, сондай-ақ сілтеме берілген мемлекетаралық стандарттар мен халықаралық құжаттар Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорында бар.

«Нормативтік сілтемелер» бөлімінде нормативтік құжаттарға сілтемелер көкейтесті етілген.

НПБ 194-2000 құрылымын осы ұлттық стандарт құрылымымен салыстыру Е қосымшасында берілген. НПБ 194-2000 құрылымы Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарының құрылуы, баяндалуы, ресімделуі және мазмұны ерекшеліктеріне байланысты.

Сәйкестік дәрежесі – түрлендірілген (MOD)

4 Осы стандартта Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II «Техникалық реттеу туралы», 1996 жылғы 22 қарашадағы № 48-1 «Өрт қауіпсіздігі туралы» заңдарының; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1372 «Қазақстан Республикасы аумағында айналымға шығарылған автокөлік құралдарының зиян (ластайтын) заттарының тастандыларына қойылатын талаптар туралы техникалық регламентті бекіту туралы», 2008 жылғы 4 ақпандағы № 90 «Сәйкестікті растау процедуралары» техникалық регламентін бекіту туралы», 2008 жылғы 21 наурыздағы № 277 «Орамаға, таңбалауға, заттаңбалауға және олардың дұрыс түсірілуіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы», 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 16 «Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасы қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» қаулыларының; Кеден Одағы Комиссиясының 2011 жылғы 18 қазандағы № 826 «Автомобиль және авиациялық бензиніне, дизельдік және кеме отынынына, реактивтік қозғалтқыш және мазутқа арналған отынға қойылатын талаптар туралы» техникалық регламентін бекіту туралы, Кеден одағының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 877 «Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентін бекіту туралы, Кеден Одағының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 879 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі» техникалық регламентін бекіту туралы шешімдерінің нормалары жүзеге асырылды.

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2018 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандарттың өзгертулері туралы ақпарат «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттары» сілтемесінде, ал өзгертулер мәтіні - «Ұлттық стандарттар» ай сайынғы ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (жойылған) немесе ауыстырылған жағдайда тиісті ақпарат «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

	Кіріспе	V
1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	6
4	Қысқартулар	7
5	Жалпы техникалық талаптар	8
6	Қауіпсіздік талаптары	28
7	Қоршаған ортаны қорғау талаптары	29
8	Қабылдау ережелері	29
9	Сынақ әдістері	33
10	Тасымалдау және сақтау	48
11	Пайдалану нұсқаулары	48
12	Дайындаушы кепілдіктері	49
	А қосымшасы (ақпараттық). Өрт-техникалық қаруландыру, тыныс және көру органдарын жеке қорғау құралдары, арнайы электржабдық, байланыс құралдары, өрт сөндіру автомобилінің салонында және бөліктерінде орналасқан аспап пен аппаратура тізбесі	50
	Б қосымшасы (ақпараттық) Өрт сөндіру автомобилінің құрылымдық белгісі	52
	В қосымшасы (міндетті). Өрт сөндіру автомобильдерінің сертификаттау сынақтарының бағдарламалары	53
	Е қосымшасы (ақпараттық). Осы ұлттық стандартының құрылымымен НПБ 194-2000 Ресей Федерациясының өрт қауіпсіздігі саласында стандарттау жөніндегі нормалар құрылымымен салыстыру	56
	Библиография	60

Кіріспе

НПБ 194-2000 қатысты осы стандартқа енгізілген негізгі өзгерістер төменде аталған:

а) «Жалпы техникалық талаптар. Сынақтар әдістері» бөлігіндегі осы стандарт атауы «Жалпы техникалық шарттарға» ҚР СТ 1.5-2008 (8.4-бөлім «Жалпы техникалық шарттар стандарттар мазмұны») талаптарына сәйкес өзгертілді.

б) жойылды:

- талаптары «Жалпы техникалық талаптар» 5-бөлімде берілген 3.1-бөлім «Басты және негізгі параметрлері»;
- талаптары «Қауіпсіздік талаптары» 6-бөлімде көрсетілген 3.16-бөлімше «Электрқауіпсіздік талаптары АГ»;
- талаптары «Нормативтік сілтемелер» 2-бөліме берілген 6-бөлім «Нормативтік сілтемелер»;
- 2 Қосымша (міндетті). «Міндетті сертификаттау кезінде АГ ұсынылған техникалық талаптардың тізбесі»;
- 3 Қосымша (міндетті). «Өлшеу қателіктерінің барынша рауалы мәндері»;
- 4 Қосымша (ұсынылатын) «Газ-түтіннен қорғайтын қызметтің өрт сөндіру автомобилін сынау хаттамасы».

в) бөлімдер мен бөлімшелер енгізілді:

- 4.2 «Қысқартулар»;
- 5.9 «Эргономика талаптары»;
- 5.10 «Материалдарға және жинақтаушы бұйымдарға қойылатын талаптар»;
- 5.12 «Сенімділік талаптары»;
- 6 «Қауіпсіздік талаптары»;
- 7 «Қоршаған ортаны қорғау талатары»;
- 8.2 «Сынаққа ұсынылатын өрт сөндіру автомобильдеріне қойылатын талаптар»;
- 10 «Тасымалдау және сақтау»;
- 11 «Пайдалану нұсқаулары»;
- 12 «Дайындаушы кепілдіктері»;
- «Библиография» құрылымдық элементі және библиографиялық деректер;

г) қосымша талаптар енгізілген:

- құрылымға (5.1-бөлімше);
- шассиге (5.2 -бөлімше);
- жүргізуші кабинасына (5.3-бөлімше);
- өрт сөндіру автомобилінің салонына (5.4-бөлімше);
- жарықтандыру діңгегіне (5.8-бөлімше);
- сыртқы әсерлер төзімділігіне (11-бөлімше);
- жиынтықтылығына (5.13);
- таңбалауға (5.14-бөлім);
- орамаға (5.15-бөлім);

д) жаңа бақылау әдістері енгізілді:

- үлесті қуатты анықтау бойынша сынақтар (9.3.5-бөлім);
- қозғалтқыштың қолданылған газдарының түтіндігін анықтау бойынша сынақтар (9.3.16-бөлім);
- сенімділік көрсеткіштерін анықтау бойынша сынақтар (9.3.21-бөлім);
- қорғайтын және қорғайтын-сәндік лакты сырлық жабындардың сапасын анықтау бойынша сынақтар (9.3.22-бөлімше);
- радиокедергілердің деңгейін анықтау бойынша сынақтар (9.3.24-бөлім);

е) Қосымшалар енгізілді:

- Б (ақпараттық) Өрт сөндіру автомобилінің құрылымдық белгісі;

- В (міндетті). Өрт сөндіру автомобильдерінің сертификаттау сынақтарының бағдарламасы;

- Е (ақпараттық). НПБ 194-2000 Ресей Федерациясының өрт қауіпсіздігі саласында стандарттау бойынша құрылымды осы ұлттық стандарттың құрылымымен салыстыру.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өрт сөндіру техникасы
ГАЗ-ТҤТІННЕН ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ АВТОМОБИЛЬДЕРІ
Жалпы техникалық шарттар

Енгізілген күні 2015-04-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт газдан түтіннен қорғайтын қызметтің арнайы өрт сөндіру автомобильдерінің (мәтін бойынша бұдан әрі – өрт сөндіру автомобильдері) сынақ әдістерін, жалпы техникалық талаптарды, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптарын, сондай-ақ олардың тасымалдануына және сақталуына қойылатын талаптарды белгілейді.

Осы стандарт жүк таситын автомобильдер шассиінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында өткізілетін автобустар базасыда құрылған, және өрт орындарына газдан және түтіннен қорғайтын қызметтің әскери есеп айырысуын, тыныс және көру органдарын жеке қорғау құралдарын, өрт-техникалық қаруды жеткізуге, өрт кезінде газдан және түтіннен қорғайтын қызметтің бақылау орнын күшейтуге, өрт орындарын жарықтандыруға, өрт кезінде шығарылатын электр жабдықтарды электр энергиясымен қамтамасыз етуге (электр аспап, түтін тартқыш, прожекторлар), апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған отандық және импорттық өндірістің өрт сөндіру автомобильдеріне таралады.

Стандарт ережелері өнімді өндіріске қою және әзірлеу, өнімді өндіру, өткізу және жаңарту кезінде қолданылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

«Қазақстан Республикасы аумағында айналымға шығарылған автокөлік құралдарының зиян (ластайтын) заттарының тастандыларына қойылатын талаптар туралы техникалық регламентті (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1372 Қаулысымен бекітілген).

«Орамаға, таңбалауға, заттаңбалауға және олардың дұрыс түсірілуіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы № 277 Қаулысымен бекітілген).

«Автокөлік құралдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 9 шілдедегі № 675 Қаулысымен бекітілген).

«Өндірістік объектілердегі сигнал түстеріне, белгілерге және қауіпсіздік белгілеріне қойылатын талаптар» техникалық регламенті (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 тамыздағы № 803 Қаулысымен бекітілген).

«Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 14 Қаулысымен бекітілген).

«Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасы қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 200 жылғы 16 қаңтардағы наурыздағы № 16 Қаулысымен бекітілген).

«Автомобиль және авиациялық бензиніне, дизельдік және кеме отынына, реактивтік қозғалтқыш және мазутқа арналған отынға қойылатын талаптар туралы» техникалық регламенті (Кеден Одағы Комиссиясының 2011 жылғы 18 қазандағы № 826 шешімімен бекітілген).

«Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенті (Кеден Одағы Комиссиясының 2011 жылғы 09 желтоқсандағы № 877 шешімімен бекітілген).

«Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі» Кеден Одағының техникалық регламенті (Кеден Одағы Комиссиясының 2011 жылғы 09 желтоқсандағы № 879 шешімімен бекітілген).

ҚР СТ 2.4-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшем құралдарын тексеру. Ұйымдастыру және жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.21-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Сынақтарды жүргізу және өлшеу құралдарының тұрпатын бекіту тәртібі.

ҚР СТ 2.30-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшем құралдарына метрологиялық аттестаттау жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.75-2009 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Сынақ жабдығын аттестаттау тәртібі.

ҚР СТ 12.0.002-2010 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Ұйымдарда еңбекті қорғауды басқару жүйесі. Тәуекелдікті бағалау және басқару басшылығы.

ҚР СТ 41.13-2009 Тежеуге қатысты М, N және О санатты көлік құралдарын ресми бекітуге қатысты біркелкі ұйғарым.

ҚР СТ 41.24 -2007 Біркелкі ұйғарым, мыналарға қатысты: 1. Түтіндікке қатысты қысудан тұтанатын қозғалтқыштарды сертификаттау. 2. Құрылым бойынша сертификатталған қысудан тұтанатын қозғалтқыштарды қондыруға қатысты автокөлік құралдарын сертификаттау. 3. Түтіндікке қатысты қысудан тұтанатын қозғалтқыштары бар автокөлік құралдарын сертификаттау. 4. Қозғалтқыштар қуатын өлшеу.

ҚР СТ 41.36-2008 Жалпы құрылымға қатысты үлкен сыйымдылықты жолаушы көлік құралдарын ресми бекітуге қатысты біркелкі ұйғарым.

ҚР СТ 41.48-2008 Жарықтандыру және жарықтық сигналдау құрылғыларын қондыруға қатысты көлік құралдарын ресми бекітуге қатысты біркелкі ұйғарым

ҚР СТ 41.51-2008 Олардың шығаратын шуына байланысты төрттен кем емес дөңгелектері бар автокөлік құралдарын ресми бекітуге қатысты біркелкі ұйғарым.

ҚР СТ 41.52-2008 Олардың жалпы құрылымына қатысты M_2 және M_3 санатты аз орынды көлік құралдарын ресми бекітуге қатысты біркелкі ұйғарым.

ҚР СТ 41.96-2007 Ауыл шаруашылығы және орман тракторлары мен жол тысындағы техникаға қондыруға арналған қысудан тұтанатын қозғалтқыштарға қатысты, осы қозғалтқыштармен зиян заттарды лақтыруға қатысты біркелкі ұйғарым.

ҚР СТ 986-2012 Механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелері үшін жарықты шағылыстыратын беті бар мемлекеттік номерлік тіркеу белгілері. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1088 -2003 Өрт қауіпсіздігі. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 1433-2005 Автомобильдер мен қозғалтқыштар. Зиян заттардың тастандылары. Нормалар мен анықтау әдістері.

ҚР СТ 1811-2011 Автомотокөлік құралдары. Міндетті техникалық қарау. Бақылау әдістері.

ҚР СТ 1863 -2008 Жедел және арнайы қызметтердің автомобильдері, автобустары мен мотоциклдері. Түсграфиялық сұлбалар, тану белгілері, жазбалар, арнайы жарықтық және дыбыс сигналдары. Жалпы талаптар.

ҚР СТ ГОСТ Р 51206 -2007 Автокөлік құралдары. Жолаушы дайлар мен кабиналардың ауасында ластайтын заттардың құрамы. Нормалар мен сынақ әдістері.

ҚР СТ ГОСТ Р 51709-2004 Автокөлік құралдары. Қозғалыс қауіпсіздігінің жағдайлары бойынша техникалық жағдайына қойылатын талаптар. Тексеру әдістері.

ҚР СТ ГОСТ Р 51853-2009 Электрқондырғыға арналған тасымалды жерлендіру. Жалпы техникалық шарттар.

ҚР СТ ГОСТ Р 53176-2009 Бензиндік, дизельді және газдық іштен жанатын қозғалтқыштарымен электргенераторлық қондырғылар. Сенімділік көрсеткіштері. Талаптар мен сынақ әдістері.

ГОСТ 2.601-2006 Конструкторлық құжатаманың бірыңғай жүйесі. Пайдалану құжаттары.

ГОСТ 2.602-95 Конструкторлық құжатаманың бірыңғай жүйесі. РЖөндеу құжаттары.

ГОСТ 2.701-2008 Конструкторлық құжатаманың бірыңғай жүйесі. Сұлбалар. Түрлері мен тұрпаттары. Орындауға қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ 2.702-2011 Конструкторлық құжатаманың бірыңғай жүйесі. Электр сұлбаларды орындау ережелері.

ГОСТ 2.709-89 Конструкторлық құжатаманың бірыңғай жүйесі. Электр сұлбаларда электр элементтерінің, жабдықтың және тізбектер телімдерінің сымдар мен түйіспе қосылыстарының шарттық белгілері.

ГОСТ 9.014 -78 Тоттанудан және ескіруден қорғаудың бірыңғай жүйесі. Бұйымдарды уақытша тотанудан қорғау. Жалпы талаптар.

ГОСТ 9.032-74 Тоттанудан және ескіруден қорғаудың бірыңғай жүйесі. Лақты сырлық жабындар. Топтар, техникалық талаптар мен белгілер.

ГОСТ 9.104-79 Тоттанудан және ескіруден қорғаудың бірыңғай жүйесі. Лақты сырлық жабындар. Пайдалану шарттарының топтары.

ГОСТ 9.301-86 Тоттанудан және ескіруден қорғаудың бірыңғай жүйесі. Металл және металл емес бейорганикалық жабындар. Жалпы талаптар.

ГОСТ 9.302-88 Тоттанудан және ескіруден қорғаудың бірыңғай жүйесі. Металл және металл емес бейорганикалық жабындар. Бақылау әдістері.

ГОСТ 9.303-84 Тоттанудан және ескіруден қорғаудың бірыңғай жүйесі. Металл және металл емес бейорганикалық жабындар. Таңдауға қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ 9.402-2004 Тоттанудан және ескіруден қорғаудың бірыңғай жүйесі. Лак-бояу жабындар. Сырлауға металл беттерді дайындау.

ГОСТ 12.0.004-90 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Еңбек қауіпсіздігіне оқытуды ұйымдастыру. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.0.230-2007 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Еңбекті қорғауды басқару жүйесі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.1.003-83 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Шу. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.1.005-88 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Жұмыс аумағының ауасына қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптар.

ГОСТ 12.1.012-2004 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Тербермелі қауіпсіздік. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.1.019-79 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар және қорғану түрлерінің номенклатурасы.

ГОСТ 12.2.003-91 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Өндірістік жабдық. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.2.032-78 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Жұмысты отырып орындау кезіндегі жұмыс орны. Жалпы эргономикалық талаптар

ГОСТ 12.3.002-75 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Өндірістік процестер. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.4.021-75 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Желдету жүйелері. Жалпы талаптар.

ГОСТ 17.2.2.01-84 Табиғатты қорғау. Атмосфера. Автомобильдік дизельдер. Қолданылған газдардың түтіндігі. Нормалар мен өлшеу әдістері.

ГОСТ 17.2.6.02-85. Табиғатты қорғау. Атмосфера. Атмосфераны ластанудан бақылауға арналған автоматты газталдағыштары. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 27.410-87 Техникадағы сенімділік. Сенімділік көсеткіштерін бақылау әдістері және сенімділікке бақылау сынақтарының жоспарлары.

ГОСТ 112 -78 Метеорологиялық шыны термометрлері. Техникалық шарттар.

ГОСТ 427 -75 Металдан жасалған өлшегіш сызғыштар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 6376-74 Есептеу механизмі бар қол анемометрлері. Техникалық шарттар.

ГОСТ 2349-75 Автомобильдік және тракторлық поездардың «крюк - петля» тартымды-тіркеме жүйесінің құрылғылары. Негізгі параметрлері мен өлшемдері. Техникалық талаптар.

ГОСТ 5378-88 Ноииусты бұрыш өлшегішер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 5727-88 Жер көлігіне арналған қауіпсіз шыны. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 6465-76 Эмальдар ПФ-115. Техникалық шарттар.

ГОСТ 7502-98 Өлшегіш металл рулеткалар. Техникалық шарттар.

ГОСТ ИСО 8041-2006 Тербеліс. Адамға тербелістің әсері. Өлшеу құралдары.

ГОСТ 8476-93 Тік әсерлі электрөлшегішті көрсететін ұқсас құралдар және олардың қослқы бөлшектері. 3-бөлік. Ваттметрлерге және варметрлерге қойылатын ерекше талаптар.

ГОСТ 8711 -93 Тік әсерлі электрөлшегішті көрсететін ұқсас құралдар және олардың қослқы бөлшектері. 2-бөлік. Амперметрлерге және вольтметрлерге қойылатын ерекше талаптар.

ГОСТ 8769-75 Автомобильдердің, автобустардың, троллейбустардың, тракторлардың, тіркемелердің және жартылай тіркемелердің сыртқы жарықтық құралдары. Саны, орналасуы, түсі, көріну бұрыштары.

ГОСТ 10511-83 Кеме, тепловоздардың және өнеркәсіптік дизельдердің айналым жиіліктерін автоматты реттеу жүйесі(ЖАРЖ). Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 14192-96 Жүктерді таңбалау.

ГОСТ 14254-96 Қабыршықтармен қамтамасыз етілген қорғау дәрежесі (IP коды).

ГОСТ 15150-69 Машиналар, аспаптар және басқа да техникалық бұйымдар. Әртүрлі климаттық аудандарға арналған орындаулар. Санаттары, пайдалану шарттары, сыртқы ортаның климаттық факторларының әсер ету бөлігіндегі сақтау және тасымалдау.

ГОСТ 16504-81 Өнімнің мемлекеттік сынақ жүйесі. Өнімді сынау және сапаны бақылау. Негізгі терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 17187- 2010 Шуөлшегіштер. 1-бөлім. Техникалық талаптар.

ГОСТ 17516-72 Электртехникалық бұйымдар. Сыртқы ортаның механикалық факторлары әсері бөлігіндегі пайдалану шарттары .

ГОСТ 18099-78 Эмалдар МЛ-152. Техникалық шарттар.

ГОСТ 18321-73 Сапаны статистикалық бақылау. Дара өнім іріктемелерін кездейсоқ таңдау әдістері.

ГОСТ 18374-79 ХВ-110 және ХВ-113 эмальдары. Техникалық шарттар.

ГОСТ 21130-75 Электртехникалық бұйымдар. Жерлендіру қыспақтары және жерлендіру белгілері. Құрылым және өлшемдері.

ГОСТ 21624 -81 Автомобиль техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүйесі. Бұйымдардың пайдалану технологиялығына және жөндеу жарамдылығына қойылатын талаптар.

ГОСТ 21752-76 «Адам-машина жүйесі». Басқару маховикатері және штурвалдар. Жалпы эргономикалық талаптар.

ГОСТ 21753-76 «Адам-машина» жүйесі. Басқару рычагтары. Жалпы эргономикалық талаптар.

ГОСТ 21786-76 «Адам-машина» жүйесі. Сөйлеспеу хабарламаларының дыбыстық сигнализаторлары. Жалпы эргономикалық талаптар.

ГОСТ 21829-76 «Адам-машина» жүйесі. Көру ақпаратын кодтау. Жалпы эргономикалық талаптар.

ГОСТ 22748-77 Автокөлік құралдары. Сыртқы өлшемдер номенклатурасы. Өлшеу әдістері.

ГОСТ 23170-78 Машина жасау бұйымдарына арналған орама. Жалпы талаптар.

ГОСТ 23377-84 Іштен жанатын қозғалтқыштарымен электрагрегаттар және жылжымалы электрстанциялар. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 24297-87 Өнімнің кіріс бақылануы. Негізгі ережелер.

ГОСТ 26336-97 Ауыл және орман шаруашылығының тракторлары, машиналары, газондар мен бақтарға арналған өзі жүретін механизмдер. Басқару жүйесі элементтерінің шарттық белгілері (символдары) және ақпараттық шағылысы.

ГОСТ 26828-86 Машина жасау және құрал жасау бұйымдары. Таңбалау.

ГОСТ 27258-87 Жер қазатын машиналар. Ыңғайлы және басқару органдарының қолжетімдік аумақтары.

ГОСТ 27259-2006 Тербеліс. Машина операторының орындығы арқылы берілетін тербелісті бағалаудың зертханалық әдісі. Жер қазатын машиналар.

ГОСТ 27435-87 Автокөлік құралдарының ішкі шуы. Рауалы деңгейлер және өлшеу әдістері.

ГОСТ 28070-89 Жеңіл, жүк таситін автомобильдер, автобустар. Жүргізуші орнынан шолу. Жалпы техникалық талаптар. Сынақ әдістері.

ГОСТ 29329-92 Статикалық өлшеу таразылары. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 30429-96 Электромагниттік техникалық құралдардың үйлесімділігі. Азаматтық қызметтік радиоқабылдағыш құрылғыларымен бірге қондырылатын жабдықтың және аппаратураның индустриялық радиокедергілері. Нормалары мен сынақ әдістері.

ГОСТ 30593-97 Автокөлік құралдары. Жылыту, желдету және кондиционирлеу жүйелері. Тиімділікке және қауіпсіздікке қойылатын талаптар.

ГОСТ 30805.12-2002 Электромагниттік техникалық құралдардың үйлесімділігі. өзі жүретін құралдар,мотор қайықтары мен іштен жанатын қозғалтқыштары бар құрылғылардың индустриялық радиокедергілері. Нормалары мен сынақ әдістері.

ГОСТ 31191.1-2004 (ИСО 2631-1) Тербеліс және соққы. Жалпы тербелісті өлшеу және оның адамға әсерін бағалау. 1-бөлік. Жалпы талаптар.

ГОСТ 31192.1-2004 (ИСО 5349-1) Тербеліс. Жергілікті тербелісті өлшеі және және оның адамға әсерін бағалау. 1-бөлік. Жалпы талаптар.

БҰҰ ЕЭК № 3 ережелері Механикалық көлік құралдарына және олардың тіркемелеріне арналған жарық шағылыстыратын құрылғыларды ресми бекітуге қатысты біркелкі ұйғарымдар.

БҰҰ ЕЭК№ 4 ережелері Автокөлік құралдарының (мотоциклдерді қоспағанда) және олардың тіркемелерінің артық нөмір белгілерін жарықтандыруға арналған құралдарды ресми бекітуге қатысты біркелкі ұйғарымдар

БҰҰ ЕЭК№ 6 ережелері Механикалық көлік құралдарының және олардың тіркемелерінің бұрылыс көрсеткіштерін ресми бекітуге қатысты біркелкі ұйғарымдар.

БҰҰ ЕЭК№ 7 ережелері Механикалық көлік құралдарының және олардың тіркемелерін (мотоциклдерді қоспағанда), артқы габариттік (бүйірлік) жарықтарды, стоп-сигналдар мен контурлық жарықтарды ресми бекітуге қатысты біркелкі ұйғарымдар.

БҰҰ ЕЭК№ 11 ережелері Есікті бекіту құлпылары мен құрылғыларына қатысты көлік құралдарын ресми бекітуге қатысты біркелкі ұйғарымдар.

БҰҰ ЕЭК№ 23 ережелері Механикалық көлік құралдарының және олардың тіркемелерінің артқы фараларын ресми бекітуге қатысты біркелкі ұйғарымдар.

БҰҰ ЕЭК№ 27 ережелері Ескерту үш бұрыштарын ресми бекітуге қатысты біркелкі ұйғарымдар.

БҰҰ ЕЭК№ 43 ережелері Қауіпсіз шыны материалдары мен көлік құралдарына оларды ресми бекітуге қатысты біркелкі ұйғарымдар.

БҰҰ ЕЭК№ 46 ережелері Арты айналарды және артқы айналарды қондыруға қатысты механикалық көлік құралдарын ресми бекітуге қатысты біркелкі ұйғарымдар.

БҰҰ ЕЭК№ 65 ережелері Автокөлік құралдары үшін арнайы ескерту жарықтарын ресми бекітуге қатысты біркелкі ұйғарымдар.

БҰҰ ЕЭК№ 87 ережелері Механикалық көлік құралдарының күндізгі жүріс жарықтарын ресми бекітуге қатысты біркелкі ұйғарымдар.

БҰҰ ЕЭК № 91 ережелері Механикалық көлік құралдарының және олардың тіркемелерінің бүйірлік габариттік шамдарын ресми бекітуге қатысты біркелкі ұйғарымдар.

ЕСКЕРТПЕ *Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттардың қолданысын ағымдағы жылдың жағдайы бойынша «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар сілтемесі» жыл сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтеме және ағымдағы жылда жарияланған тиісті ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алуға тиіс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.*

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта «Автокөлік құралдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар», «Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасы қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенттерінде, ҚР СТ 1088 және ГОСТ 16504 белгіленген терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамаларымен мынадай терминдер қолданылады:

3.1 **Апаттық шығу**: Штаттық шығуды қолдану мүмкін болмаған жағдайларда шығу жолы ретінде пайдаланылатын апаттық есік, апаттық терезе немесе апаттық люк.

3.2 **Өрт сөндіру автомобильінің базалық шассиі**: Арнайы жұмыстарды орындау үшін құрылғылар мақсаттарында шанақты (салонды) қосымша істеп сериялық шығарылған автомобиль шассиі.

3.3 **Сыртқы (дербес) коректену көзі**: Негізгі қоректену көзіне жиілігі және кернеуі бойынша ұқсас реттеу сипаттамаларымен қосымша коректену көзі немесе өнеркәсіптік электр желісі.

3.4 **Өрт сөндіру автомобильінің басты параметрі**: Барлық техникалық жетілдіру кезінде тұрақтылықпен ерекшеленетін және басқа негізгі параметрлердің сандық мәндерін анықтау үшін пайдаланылатын өрт сөндіру автомобилінің функционалдық арналымын айқындайтын негізгі параметрлерінің бірі.

3.5 **Өрт сөндіру автомобильінің электр-кшті құрылғысының қорғаныстық ажырауы:** Тоқпен зақымдалу қаупі туындаған кезде электр-күшті құрылғының автоматты ажырауын қамтамасыз ететін тез әсер етуші қорғаныс.

3.6 ***Индустриялық кедергі:*** *Электр машиналарынан, аспаптардан немесе басқа электр құрылғыларынан туындайтын кедергі.*

3.7 **Негізгі параметрлері**: Негізгі атқырымдық арналымы бойынша өрт сөндіру автомобилын сипаттайтын параметрлер.

3.8 **Электркнш қондырғысын қоректендірудің негізгі кәзі**: Электр энергиясы іштен жанатын қозғалтқыш көмегімен отынның химиялық энергиясын құру жолымен жүргізілетін және генератор роторын айналдыратын электр агрегаты.

3.9 **Өрт сәндіру автомобилынің толық салмағы**: Жүргізушіні, тыныс және көру органдарының жеке қорғау құралдарын, нормативтік және техникалық құжаттамада Өрт сөндіру автомобилынің дайындаушы-зауытымен өтінілген өрт-техникалық қаруландыру және электржабдықты қоса алғанда, Өрт сөндіру автомобилынің және ол тасымалдайтын жеке құрамның жарақталған салмағыгың сомасы,.

3.10 **Салон**: Шатырмен, еденмен, бүйір қабырғаларымен (ернеулермен), есіктермен және терезелермен шектелген жеке құрамды жайғастыруға арналған тұйық кеңістік.

3.11 ***Көлденең тұрақтылық бұрышы:*** *Тірек бетінен жалқы автокөлік құралдарының бір жағынан барлық дөңгелектер жұлынған көлденең жазықтыққа қатысты шалқаятын платформаның тірек бетінің иілу бұрышы.*

3.12 ***Өрт сөндіру автомобилынің үлесті қуаты:*** *Өрт сөндіру автомобилынің толық салмағына қозғалтқыштың номиналды қуатының қатынасы.*

3.13 **Әрт сәндіру автомобилынің электркнш қондырғысы**: Тұтынушының электр энергиясын өндіруге, қайта құруға, трансформацияға, таратуға және беруге арналған агрегаттар, күштік электр желісінің және қосалқы жабдықтың жиынтығы.

3.14 ***Электромагниттік үйлесімділік:*** *Радиоэлектрондық кедергілер әсер ету кезінде талап етілетін сапамен нақты пайдаланған жағдайларда бір уақытта қызмет ететін радиоэлектрондық құралдардың қабілеті.*

4 Қысқартулар

4.1 ***ГТҚҚА*** *– газдан түтіннен қорғайтын қызмет автомобилы.*
4.2 ***ӨТҚ*** *– өрт сөндіретін-техникалық қаруландыру.*
4.3 ***ТОЖҚҚ*** *– тыныс және көру органдарының жеке қорғау құралдары.*
4.4 ***ҚАҚ*** *– қорғайтын ажырату құрылғысы.*
4.5 ***ЭКҚ*** *– электркүш қондырғысы.*

5 Жалпы техникалық талаптар

5.1 Құрылымға қойылатын талаптар

5.1.1 Өрт сөндіру автомобилінің құрылымы келесі негізгі бөліктерден тұрады:
а) ЭКҚ жетегі үшін қосымша трансмиссиясымен базалық шасси;
б) жүргізушіге арналған кабиналар;
в) жеке құрамды жайғастыруға арналған салон;
г) электркүш қондырғысын жайғастыруға арналған бөлік;
д) қосымша электржабдықты жайғастыруға арналған орын;
е) стационарлық жарықтандыру діңгегі.

ЕСКЕРТПЕ *Тұтынушының (тапсырушының) талабы бойынша қондырғысы бар Өрт сөндіру автомобилінің түрлендірмесін дайындауға болады: стационарлық жүкарба; арнайы жабдықтың мақсаттық арналымына байланысты жиынтықталатын шанақтық немесе контейнерлердің алынатын бөліктері.*

5.1.2 *Өрт сөндіру автомобильінің толық салмағы базалық шасси үшін белгіленген толық салмақтың 95 % аспау керек.*

Өрт сөндіру автомобильінің осіне жүктеме шассинің дайындаушы-зауытымен белгіленген мәндерден аспауы керек, оң және сол ернеу дөңгелегінің жүктемесі Өрт сөндіру автомобильінің толық салмағынан ± 1 % рауалы ауытқуымен тең болуы керек.

5.1.3 Өрт сөндіру автомобильінің габариттік өлшемері ГОСТ 22748 талаптарына сәйкес болуы, *және мынадай мәндерден аспауы керек:*

- ұзындығы 9,0 м артық емес;

- ені 2,5 м артық емес;

- биіктігі (жарақталған күйінде) 3,7 м артық емес.

Басқа геометриялық өлшемдері белгіленген тәртіпте бекітілген нақты үлгілі Өрт сөндіру автомобильінің нормативтік құжаттамасына және нормативтік техникалық құжаттамасына сәйкес болуы керек.

5.1.4 Өрт сөндіру автомобильінің жеке құрамы үшін орындар саны жүргізуші орнын қоса алғанда жетіден кем емес болуға тиіс.

5.1.5 *Өрт сөндіру автомобильдерінде 11 кВт/т кем емес үлесті қуаты болуы керек.*

5.1.6 Өрт сөндіру автомобилы бірі жүргізуші кабинасында, екіншісі шанақтың артқы бөлігінде орналасқан туманға қарсы фаралармен және екі іздеу-фараларымен жабдықталуы керек.

Алдыңғы іздеу-фарасымен басқару кабинадан, жүргізушінің жұмыс орнынан жүзеге асырылады.

Туманға қарсы фараларды жайғастыру және қосу кезінде ҚР СТ ГОСТ Р 51709 талаптары сақталуы керек.

5.1.7 Өрт сөндіру автомобилінде жабдықты жайғастыру және бекіту, ЭКҚ, ТОЖҚҚ және ӨТҚ әскери жайғасуда, сондай-ақ қозғалыс уақытында, техникалық қызмет көрсетуде және жөндеуде атқарымдық мәселелерді орындау қауіпсіздігін және жеделдігін қамтамасыз етуге тиіс.

Пайдалану кезінде қолмен тасымалдауға арналған мүлікті жеке салу салмағы бір адам үшін 40 кг аспауға тиіс.

5.1.8 Өрт сөндіру автомобилінің жеке құрамы үшін жұмыс орындарында және салон еденінде тербеліс деңгейі ГОСТ 12.1.012, ГОСТ 31191.1 және ГОСТ 31192.1 талаптарына сәйкес болуы керек.

5.1.9 Желдету жүйелері өрт сөндіру автомобилінің кабинасында және салонында жабық терезелерде, люктарда және есіктерде артық қысымның және ауа алмасуын *ГОСТ 30593* талаптарына сәйкес қамтамасыз етуге тиіс.

5.1.10 Толық емес жетегі бар шассиде өрт сөндіру автомобилінің салбырату бұрышында болуға тиіс:

а) алдыңғы -20° кем емес;

б) артқы - 15° кем емес.

Толық жетегі бар шассиде өрт сөндіру автомобилінің салбырату бұрышында болуға тиіс:

а) алдыңғы- 25° кем емес;

б) артқы - 25° кем емес.

Автобус базасында өрт сөндіру автомобилінің салбырату бұрышы ҚР СТ 41.36 сәйкес болуға тиіс.

5.1.11 Толық салмақты өрт сөндіру автомобилінің көлденең тұрақтылық бұрышы 30° кем емес болуға тиіс.

5.1.12 *Өрт сөндіру автомобилінің жол саңылауы базалық шассидің жол саңылауы шамасынан кем емес болуға тиіс.*

5.1.13 Өрт сөндіру автомобильінде ҚР СТ 986 талаптарына сәйкес көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу белгілерін қондыру орны көзделген болуға тиіс.

5.2 Шассиге қойылатын талаптар

5.2.1 *Нақты үлгілі өрт сөндіру автомобилінің базалық шассиінің тұрпаты белгіленген тәртіпте бекітілген осы үлгінің нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасымен анықталады, және осы стандартпен белгіленген талаптарды есепке алып қабылданады .*

5.2.2 Өрт сөндіру автомобилінің түсграфиялық сұлбасы, шұғыла маяктарының саны және түсі, сондай-ақ арнайы жарықтық және дыбыстық сигналдарды ҚР СТ 1863 талаптарына сәйкес болуы керек.

5.2.3 Шассидің электржабдығы, сыртқы жарықтандыруы және сигналдық жабдығы ҚР СТ 41.48, ГОСТ 8769 және БҰҰ ЕЭК № 3, № 4, № 6, № 7, № 23, № 65, № 87 және № 91 ережелерінің талаптарына сәйкес болуы керек.

5.2.4 *Бұрылыс сілтемелерін қосу сұлбасы электржабдық пен стартер құралдарын ажырату кілтінің жағдайына немесе тұтандыруына тәуелсіз апаттық тәртіпте (жыпылықтау)қосу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.*

5.2.5 Аккумуляторлық батареялардың орналасу орны ластан қорғалуы, жылыту мүмкіндігін қамтамасыз етуі, сондай-ақ әрбір аккумуляторда электролиттің тығыздығын және деңгейін бақылау керек.

5.2.6 *Коректендіру көздерінде (аккумуляторлық батареялар, генератор) электроэнергияны қосымша тұтынуды қосу үшін жеткілікті қуат қоры болуға тиіс (шамшырақтар, прожекторлар, іздеуші-фаралар, радиостанциялар және басқалар).*

ЕСКЕРТПЕ *Номенклатура және қосымша тұтынушылардың қуаты тұтынушымен (тапсырыс берушімен) анықталады.*

5.2.7 *Шассиде микбасты қозғалтқыш ресурсынан кем емес ресурсы бар микбасты (бензин немесе дизельді) қозғалтқыш немесе басқа тұрпатты қозғалтқышты (газтурбиналық, роторлық-микбасты және басқалар) белгілейді.*

Өрт сөндіретін автомобилы қозғалтқышынан индустриялық радиокедергілердің раулы шамасы ГОСТ 30805.12 талаптарына сәйкес болуы керек.

5.2.8 *Ернеу желісінің кернеуі бар шассиде (24,0 ± 0,5) В кернеу шығысы қамтамасыз етілуі (12 ± 0,5) В (екітүйіспе розетка) немесе арнайы тұтынушыларды коректендіру үшін осындай шығыстың мүмкіндігі (радиостанции және басқалар) көзделуі керек.*

Кабинаның сыртында қосыша розеткаларды қондыру рұқсат етіледі.

5.2.9 Кабинаны және салонды эйнектеу жарақатқа қауіпсіз болуы және ГОСТ 5727 және БҰҰ ЕЭК№ 43 Ережелерге сәйкес болуы керек.

5.2.10 Шасси құрылымымен оларды көлік құралдарымен тасымалдау мүмкіндігі көзделуі керек.

Өрт сөндіру автомобилінің шассиі ГОСТ 2349 талаптарына сәйкес сүйреткіш құрылғысымен жабдықталуы керек.

Шассиде тасымалдау кезінде оларды сенімді бекіту үшін орындары болуы, сондай-ақ платформаларға тиеуді (түсіруді) қамтамасыз ету үшін арнайы құрылғыларды қондыру мүмкіндіні көзделуі керек

Шассидің бүйір беттеріне ГОСТ 14192 талаптарына сәйкес Өрт сөндіру автомобилінің «Ауырлық орталығы» айла шарғы белгілері түсірілуі керек.

5.2.11 Кабинада шассині басқару органдарымен пайдалану тәртібін түсіндіретін қажетті кестешелер және (немесе) сұлбалар жайғастырылуы керек

5.2.12 *Қосалқы дөңгелектердің орналасуы қосалқы дөңгелекті және оның қондырғысының жедел алуды қамтамасыз етуді есепке алып, өрт сөндіру автомобилінің құрылымымен анықталады.*

Аритқы дөңгелектің бүріккіштері болуы керек.

5.2.13 *Шассидің қозғалтқыштары мен жиынтықтары өрт сөндіру автомобильін,сондай-ақ кондиционерді жылыту үшін қосымша қыздырғышты қондыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.*

5.2.14 *Қозғалтқышты салқындату жүйесінде қозғалтқыштағы майдың және беріліс қорабының, сондай-ақ қозғалтқыштың салқындату жүйесінде салқындататын сұйықтықтың температурасы белгіленген тәртіпте бекітілген шассидің нақты үлгісінің нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасында белгіленген мәндерге сәйкес болуы керек.*

5.2.15 Шассидің тежегіш сипаттамалары ҚР СТ 41.13 талаптарына сәйкес болуы керек.

5.2.16 *Спидометр және оның жетегі пломбылануы керек.*

Пломбының жайғасуы оның көзбен шолуын қамтамасыз етуге тиіс.

5.2.17 *Техникалық деңгейдің негізгі көрсеткіштері (отынның бақылау шығыны, ресурс, сыну) белгіленген тәртіпте бекітілген шассидің нақты үлгісінің нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасында белгіленуі керек.*

5.2.18 Қоректенудің негізгі көзінің жетегіне қуатты іріктеу кезінде Өрт сөндіру автомобилінің қозғалтқышы және қосымша трансмиссия пайдалану шарттарының барлық ауқымында 6 сағаттан кем емес ішінде номиналды тәртіпте ЭКҚ үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуі керек, сонымен 5.2.14 баяндалған талаптар орындалуы керек.

5.2.19 Өрт сөндіру автомобилінің шассиі:

а) қосалқы дөңгелекпен;

б) жүргізуші құралының және жарақтардың жиынтығымен;

в) қосалқы бөлшектердің жеке жиынтығымен;

г) екі тасымалданатын өт сөндіргіштермен (от сөндіретін заттың салмағы 5 кг кем емес бір ұнтақты, және от сөндіретін зат зарядының салмағы 5 кг кем емес көмірқышқыл);

д) БҰҰ ЕЭК№ 27 ережелеріне сәйкес апаттық белгісімен;

е) медициналық қобдишамен;

ж) екі шегіну тірегімен жиынтықталуы керек.

ЕСКЕРТПЕ *Тұтынушымен (тапсырушымен) келісім бойынша өт сөндіргіштер, апаттық қондырғының белгісі, қосалқы бөлшектердің дара жиынтығы және жеткізу жинағына шегінуге қарсы тіректерді қоспасада болады*

5.2.20 Отын бағының сыйымдылығы өрт сөндіру автомобилі жүрісінің қорын 400 км кем емес қамтамасыз етуі керек.

5.2.21 *Отын бағының құятын мойынының орналасуы және құрылымы өрт сөндіру автомобилінің сыртында ғана қол жетімді.*

Егер отын бағы бензинге арналса, 25 см кем емес болса, егер отын бағы дизельді отын үшін арналса, автобустардың құятын мойыны кез келген есік ойығынан 50 см кем емес қашықтықта орнылуы керек.

Құятын мойындардың тесіктері орналасуы өрт сөндіру автомобилінің қозғалтқышына немесе пайдаланылған құбырға отынның түсу мүмкіндігін шеттен шығару керек.

5.2.22 *Өрт сөндіру автомобилінің нақты үлгісінің шассиімен бірге белгіленген тәртіпте бекітілген нормативтік және нормативтік техникалық құжатама қоса салынады.*

5.3 Жнргізуші кабинасына қойылатын талаптар

5.3.1 Жүргізушінің кабинасы және жұмыс орыны ГОСТ 12.2.032 бойынша эргономикалық талаптарға сәйкес болуы керек.

5.3.2 Автобус үшін шассидегі өрт сөндіру автомобилі жүргізушісінің жұмыс орыны салоннан арақабырғамен оқшауланыу немесе қоршауы болуы керек.

5.3.3 Өрт сөндіру автомобилі жүргізушісінің жұмыс орыны БҰҰ ЕЭК№ 46 Ережелеріне сәйкес арқы айнамен жабдықталуы керек.

Автобус үшін шассидегі өрт сөндіру автомобилінде салонды көру үшін жүргізушіге көруді қамтамасыз ететін ішкі артқы айна болуы керек.

Жүргізушінің жұмыс орнынан шолу ГОСТ 28070 талаптарына сәйкес болуы керек.

5.3.4 Өрт сөндіру автомобилінің кабинасы, егер есік ойығы жол деңгейінен (жер) 0,65 м артық болса, баспалдақтармен және тұтқалармен жабдықталуы керек.

5.3.5 Есіктерде оларды ашық және жабық күйінде (75° кем емес бұрышында) беркітетін құрылғылар болуға тиіс.

5.3.6 Кабинада өрт сөндіру автомобилінің жүрісі бойынша ашылатын екі есіктерден кем емес болуы керек. Есіктерде (шассидің түріне тәуелсіз) ішкі және сыртқы басқару тұтқалары бар бекітпе құрылғылары болуы керек.

Ішкі құлпыларда жеке құрамның өрт сөндіру автомобилінде отыратынға қозғалыста ықтиярсыз ашылатын мүмкіндігін шеттен шығаратын құрылғысы болуы керек.

Бекітпе құрылғылардың тұтқаларында жарақатарды шеттен шығаратын пішіні болуы керек.

Есіктердің құлпылары мен түйіндері БҰҰ ЕЭК№ 11 Ережелерінің талаптарына сәйкес болуы керек.

5.3.7 Есіктер кез келген аралық жағдайларда белгіленген түсірілген немесе жылжитын әйнектермен жабдықталуы керек.

Түсірілетін әйнектері бар есіктер жиналатын атмосфералық тұнбаларды жою үшін төменде тесіктері болуы керек.

5.3.8 Жүйргізуші үшін жұмыс кеңістіктерінің ені 0,80 м кем емес болуы керек.

5.3.9 Жүргізуші мен жеке құрамды жайғастыруға арналған кабинада 1,70 м кем емес ішкі ені және 0,45 м кем емес жүргізушінің әрбір қасында отыратын үшін рындық ені болуы керек.

5.3.10 Құралдар панеліне жүргізуші кабинасына жарық діңгегі күйінің жарықтық индикациясы, бөлімдердің және есіктердің ашылулары енгізілуі керек.

5.3.11 Жүргізуші кабиналарының жарықтық деңгейі кабина еденінен 1,0 м деңгейде 20 кем емес болуға тиіс.

5.4 Өрт сәндіру автомобилінің салонына қойылатын талаптар

5.4.1 Салон өрт сөндіру автомобилінің жеке құрамның жедел отыру және түсу, оның орналасу ыңғайлығы мен қауіпсіздігін, қажетті шығарылатын өрт-техникалық қарулардыру, арнайы жабдық, аппаратура мен құрал қондырғысын қамтамасыз етуі керек.

5.4.2 Өрт сөндіру автомобилінің салоны жайғасуға арналған екі бөліктерден:

а) жеке құрам;

б) ТОЖҚҚ, ӨТҚ, электржабдықтан тұруы керек.

ЕСКЕРТПЕ Автобус үшін шассидегі өрт сөндіру автомобилінің салонының бөліктерін өзі арасында қалқамен бөлу рұқсат етіледі.

5.4.3 Салон бөліктерінің құрылымы және өлшемдері қажетті жабдықтар мен аппаратураның қондырылуын, оларға қызмет көрсетуді және демонтажды қамтамасыз етуі және сондай-ақ нақты үлгідегі өрт сөндіру автомобилінің тиісті нормативтік және

нормативтік техникалық құжаттамаларына сәйкес қажетті жұмыс орындарының санын көздеуге тиіс.

5.4.4 *Өрт сөндіру автомобилінің ішкі жарығы таңбалаудың айқын көрінгіштігін, нұсқағыштар шәкілдеріндегі бөлулерді, өлшеу және бақылау құралдарын қамтамасыз етуге тиіст.*

Салондағы жарықтық деңгейі төмендегіден кем емес болуға тиіс:

а) 10 лк – салон өткелдерінде, сондай-ақ олардың беттерінің сатыларын және баспалдақтарын жарықтандыру үшін;

б) 20 лк – ЭКҚ басқару пульттары мен электр қалқандарының жұмыс беттері үшін;

в) 100 лк – ТОЖҚҚ қызмет көрсету үшін үстелдің жұмыс үстелі.

5.4.5 Өрт сөндіру автомобилі салоны есіктерінің саны, орналасуы, түрлері және өлшемдері ҚР СТ 41.36 талаптарына сәйкес қабылданады.

5.4.6 Автобус үшін шассидегі өрт сөндіру автомобилі салонының есіктерін басқару дистанциялық жетек көмегімен жүргізуші орнынан іске асырылуға тиіс.

Әрбір есіктердің дистанциялық жетегі көрінетін және қолжетімді орында салонның ішінде орналастырылған құрылғымен қосарлануға тиіс.

Дистанциялық жетегі жоқ өрт сөндіру автомобилі салонының есіктері олардың кездейсоқ ашылу мүмкіндігін шеттен шығаратын бекітпе құрылымымен жабдықталуы керек.

Өрт сөндіру автомобильндер есіктердің жағдайы туралы жүргізуші сигналдайтын құрылғымен жабдықталуы керек.

5.4.7 Автобус үшін шассидегі өрт сөндіру автомобилінде әрбір бүйір жағынан екі апаттық шығысы болуға және төмендегіден кем емес болуға тиіс:

а) 7,5 м кем автобус ұзындығында габаритті ұзындығында қақпақтағы бір апаттық люктан;

б) 7,5 м көп автобустың габаритті ұзындығындағы төбедегі екі люк;

5.4.8 Апаттық шығыс келесі талаптарға сәйкес болуға тиіс:

а) жарықтағы ені 0, 55 м кем емес;

б) биіктігі 1,25 м кем емес;

в)апаттық шығыста ішінен және сыртынан ашатын тұтқаларболуға тиіс;

г) сыртқы тұтқалар жол (жер) деңгейінен 180 м көп емес биіктікте бекітілуге тиіс;

д) апаттық шығыс сыртынан ашылуға және тек қана бір жармасы болуға тиіс.

5.4.9 Өрт сөндіру автомобилінің апаттық шығысы ерікті болуға тиіс.

5.4.10 Апаттық люктер ішінен, сондай-ақ сыртынан оңай ашылуға тиіс.

Апаттық люктер құрылымы өрт сөндіру автомобилі салонының ішіне немесе олардың шығысына ерікті кіруге кедергі болмауы керек.

5.4.11 Өрт сөндіру автомобилі салонының құрылымы шалқаю, тіке соқтығысу, іргесінен және артынан соғу кезінде жеке құрам үшін тіршілік кеңістікті сақтауды қамтамасыз етуге тиіс.

Аударылу кезінде салонның соққы-төзімділік сипаттамалары белгіленген тәртіпте бекітілген нақты үлгідегі өрт сөндіру автомобилі ҚР СТ 41.52, нормативтік және нормативтік техникалық құжаттама талаптарына сәйкес келуге тиісті.

5.4.12 Арнайы жабдықтың, құрастырушы бірліктердің және бөлшектердің бекіткіші Өрт сөндіру автомобилінің қозғалысы уақытында оның өздігінен орын ауыстыру мүмкіндігін шеттен шығаруға тиіс.

5.4.13 Өрт сөндіру автомобилінде арнайы жабдықтың және аппаратураның орналасу сұлбасы әскери жандандыру жеделдігін қамтамасыз етуге тиіс.

5.4.14 Салонның терезелері жарықтан қорғайтын құрылғылармен (перделер немесе жалюзи) жарақтануға тиіс.

5.4.15 Өрт сөндіру автомобилі салонының қабырғалары мен төбелерінің ішін өңдеу (қаптау) үшін залалсыздандыру құралдарымен ылғал тазартуды және өңдеуді рұқсат ететін тегіс, күн сәулесіне төзімді материалды қолданылуға тиісті.

Қаптауды бекітпесінде шығыңқы бөлшектер мен өткір жиектер болмауға тиіс.

Салонның, табанның және баспалдақтың еденінде жылжуға төзімді беті бар ылғалға және ескіруге төзімді материалдың жабыны бар.

5.4.16 Салон еденінің жабыны қабырғаларға еденнен өту жерлерінде дөңгелектенген 0,15 мм ден 0,20 мм дейін биіктікте салон қабырғысынан жалғасуы және сумен жууға болады.

5.4.17 Өрт сөндіру автомобилі салонының жылыту жүйесі ГОСТ 30593 талаптарына сәйкес болуы және 40 °С температураға дейін қоршаған орта температурасында еденнен (1,50 ± 0,05) деңгейде 15 °С кем емес салонда температураны ұстауды қамтамасыз етуі керек.

ЕСКЕРТПЕ *Салонда осы шарттарды қамтамасыз ететін кондиционердіқондыруға болады.*

Жылыту жүйесін басқару жүргізуші орнынан жүзеге асырылады.

5.4.18 Өрт сөндіру автомобилінің салонында орналасқан жылыту жүйесі элементтерінің сыртқы бетінде 70 °С артық емес температура болуға тиіс.

5.4.19 Терезелер мен люктер құрылымы желдету тиімділігі өзгеру мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.

Өрт сөндіру автомобилінің салонында желдету үшін сыртқы ауаны беру үшін тесіктер жол (жер) деңгейінен 1,50 м кем емес орналасуы керек.

5.4.20 *Өрт сөндіру автомобилінің салонында екі отсөндіргіштен кем емес қондыруға арналған орын көзделуі керек, сонымен орындардың бірі жүргізуші орындығының қасында болуы керек.*

5.4.21 Өрт сөндіру автомобилінің салоны тік күйінде ТОЖҚҚ тасымалдау үшін арнайы ұяшықтармен жабдықталуы керек.

Механикалық бұзықтардан ТОЖҚҚ қорғау үшін ұяшықтар түбі мен қабырғалары амортизациялайтын материалмен қапталуы керек.

Оттегі бар резервтік баллондар мен регенеративтік патрондар жеке жәшіктерде сақталуы керек, құрылымы тасымалдау процесінде олардың сақталуын қамтамасыз етуге тиіс. Резервтік регенеративтік патрондар мен оттегі бар баллондар сақталады, және бітемелермен (тығындармен) тасымалданады, ал регенеративтік патрондар пломбылануы керек.

5.4.22 ТОЖҚҚ тексеру және қызмет көрсету үстелінде 900 мм × 600 мм кем емес өлшемдері болуы керек. Үстел өрт сөндіру автомобилі салонының сыртында жазғы уақытта пайдалану үшін тасымалдануы керек.

5.5 Электркнштік қондырғыға қойылатын талаптар

5.5.1 ЭКҚ қңрылымына қойылатын талаптар

5.5.1.1 *Өрт сөндіру автомобилінің құрылымы ЭКҚ Кеден Одағының «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» техникалық регламентінің* және [3] талаптарына сәйкес болуы керек .

5.5.1.2 ЭКҚ құрылымы төмендегілерді қамтуы керек:

а) негізгі қоректену көзі жетегінің қозғалтқышы жұмысын басқару;

б) күштік таратқыш қалқан.

5.5.1.3 Қозғалтқыш жұмысын басқару қалқанының құрамына мыналар кіреді:

а) қозғалтқыш жұмысы тәртібін, жетек білігінің айналым жиілігін, салқындату жүйесінде сұйықтық температурасын, май қысымын және жетек түріне байланысты басқа құралдарды бақылау құралдары;

б) тіркесу жұмысын басқару органдарын, буынды білік айналымының жиілігін реттегіш, қуатты іріктеу қорабын қосу және ЭКҚ сындарлы орындауға байланысты басқа басқару органдары;

в) жетек тұрпатына және ЭКҚ құрылымдық орындалуына және жетек тұрпатына қатысты графикалық ақпарат.

5.5.1.4 Күштік тарату қалқаны құрамына төмендегілер кіруі керек:

а) оқшаулауды бақылауды өлшеу құралдары;

б) негізгі коректену көзі жұмысының басқару органдары;

в) электр энергиясы коммутациясын басқару органдары;

г) электр қауіпсіздік құралдары;

д) тарату құралдары;

е) индикация құралдары және графикалық ақпарат құралдары;

ж) *радиокедергілер деңгейін шектеу құралдары.*

5.5.1.5 ЭКҚ қамтамасыз ететін жеке құрамның электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қалқандар көзбен шолып байқау құралдарымен, оқшаулаудың кедергісін тұрақты бақылау құралдарымен және қорғайтын жерлендіру құрылғысыз электрлік күш жабдығымен жұмыс істеуге мүмкіндік туғызатын қорғайтын ажырату құрылғыларымен жабдықталуы керек.

5.5.1.6 Тарату құрылғылары электр энергиясын іріктеу розеткаларынан, коммутациялық құрылғыдан және розеткаларда кернеудің болуы туралы жарық индикациясынан құрастырылуы керек.

5.5.1.7 *Құрамында аккумуляторлық батареялары бар ЭКҚ аккумуляторлық батареяларды автоматты зарядтау үшін құрылғылармен жабдықталуы керек.*

5.5.1.8 Қуаты 8 кВт және одан артық ЭКҚ жұмысының ұзақтығын тіркеу үшін өрт сөндіру автомобилінде мотосағаттарды есептегіш қондырылуы керек.

5.5.1.9 Өрт сөндіру автомобилінде ЭКҚ операторы үшін жұмыс орны көзделуі керек.

5.5.1.10 Өрт сөндіру автомобилінің ЭКҚ 10° дейін көлденең бетке қатысты иілу кезінде жұмысқа қабілеттілігі сақталуы керек.

5.5.1.11 ЭКҚ жұмысы кезіндегі радиокедергілердің деңгейі ГОСТ 30805.12 талаптарына сәйкес болуы керек.

5.5.1.12 Өрт сөндіру автомобилінің шығыс отын бактарының сыйымдылығы 6с кем емес отынды құюсыз номиналды жүктеме кезінде жабдықтау көзі жұмысының ұзақтылығын қастамасыз етуге тиіс.

5.5.1.13 ЭКҚ барлық элементтерін бекіту өрт сөндіру автомобилін тасымалдау кезінде немесе қозғалыс уақытында қосылыстарда электр түйіспені босату шеттен шығарылуы керек.

5.5.2 ЭКҚ жұмысын басқару қалқанына қойылатын талаптар

5.5.2.1 *Басқару қалқандары:*

а) жұмыс пен қызмет көрсету ыңғайлығы;

б) оңтайлы индикация құралдарын қолдану;

в) стандартты түйіндерді, құралдарды, басқару органдарын барынша пайдалану;

г) жұмыстың сенімділігі және қауіпсіздігі;

д) барынша аз энергосыйымдылығын, салмағын және өлшемдерін, сондай-ақ жиынтықты жайғастыру мүмкіндігін;

е) құрылымның технологиялығын және жөндеу жарамдылығының жеткілікті деңгейін;

ж) эстетикалық орындауды қамтамасыз етеді.

5.5.2.2 Өрт сөндіру автомобилінің үлгісіне байланысты ЭКҚ жұмыстарын басқару органдары және құралдары көлденең және тік қалқандарда (панелдерде) жайласуға тиіс.

5.5.2.3 Қалқан пішіні (панелдер), оның ұзындығы және биіктігі басқару бойынша қажетті операцияларды орындауда операторға өз орынынан құралдардың көрінетіндігін қамтамасыз етуге, және келесі параметрлері болуға тиіс:

а) басқару қалқанының бұрыштық ені 90° көп емес болуға тиіс;

б) басқару қалқанының бұрыштық биіктігі 90° көп емес, оның ішінде оператор көзінің деңгейі жазықтығынан 35°көп емес жоғары және бұл жазықтықтан 55° көп емес төмен болуға тиіс.

5.5.2.4 Басқару құралдарын және органдарын құрастыруда өзара функционалдық байланыс қамтамасыз етілуге тиіс.

Басқару құралдары және органдары ЭКҚ жұмысын басқару бойынша оларды қолдану тізбектілігіне сәйкес орналасуға тиіс.

Функционалдық топтың ішінде жеке басқару органдарының орналасу тәртібі жұмыс операцияларын орындау тізбектілігімен дәл келуге тиіс.

Басқару қалқандарында басқару органдары мен индикаторлары жағдайының орнында анықтау кезінде кеңістікте лайықты орналасуды болжалдайтын функционалдық ажыратуды (аймақтау), пішіні бойынша бөліну (пішінімен кодтау), түсі бойынша ажырату (түспп кодтау).

5.5.2.5 Сыртқы қондырғы элементтерді бекіту көрінбейтін болуға тиіс.

5.5.2.6 Беткі жағынан басқару қалқандарында олардың тағайындалуын көрсететін жазбалар болуға, ал қалқандарға қондырылған құрылғыларда жазбалар немесе таңбалау болуға тиіс.

5.5.2.7 *Бақару қалқанына электрэнергияны енгізу кабелінде (сымында) ұштарында таңбалуы болуы керек.*

Кабельдің бос тарамдарының ұштары оқшауланууы керек.

5.5.2.8 *ЭКҚ жұмысын басқару қалқандарының бақылау және өлшеу құралдарында 2,5 кем емес дәлдіктер классы болуға тиіс.*

ЕСКЕРТПЕ Өлшеу құралдарында өлшенетін шамалардың шекті рауалы мәндерін қызыл сызықпен (аймақпен) белгілеу ұсынылады.

5.5.2.9 ЭКҚ Жұмыстарын басқару органдарында :

а) моторлы өрістің ұтымды аймақтарында орналасуға;

б) жақсы айырып танылатын айрықша белгілер;

в)ыңғайлы қармағы, қысымы немесе бұрылысы;

г)жұмыс процесінде орын ауыстырудың аз аумақтары;

д) реттелетін параметрден өзгеріс бағытымен рычаг немесе тұтқа қозғалыстары бағыттарын келісушілігін қамтамасыз етуге тиіс.

5.5.3 ЭКҚ қоректену кәздеріне қойылатын талаптар

5.5.3.1 Өрт сөндіру автомобилінің ЭКҚ жабдықтаудың негізгі қоректену көздері ретінде Өрт сөндіру автомобилінің негізгі шассиі қозғалтқышынан жетегі бар үш фазалық тоқтар генераторларын қолданылуға тиісті

5.5.3.2 Өрт сөндіру автомобилінің ЭКҚ қоректену көздерінің негізгі номиналды параметрлері *1-кестеде* келтірілген мәндеріне сәйкес болуға тиіс.

1-кесте. Өрт сөндіру автомобилінің ЭКҚ қоректену көздерінің негізгі номиналды параметрлері

Кернеуі, В	Ток тңрі	Жиілігі, Гц	Қоректену көзінің номиналды қуаты, кВт
230	Ауыпалы үш фазалы	50	8,0; 16,0; 20,0; 30,0
230		400	
400		50	

5.5.3.3 Индукциялы жүктемеде ауыпалы тоқтың негізгі коректену көздерінің номиналды қуат коэффициенті 0,8 кем емес болуға тиіс.

5.5.3.4 ЭКҚ қоректену көзі генераторы білігі айналымының номиналды жиілігі 1500;2000 ;3000 ;6000 мин/айн. қатарынан таңдау қажет.

5.5.3.5 Өрт сөндіру автомобилінің ЭКҚ негізгі коректену көзі арнайы бөлімдерде ауыз-ауыз немесе қуыстарда белгіленеді.

ЭКҚ қоректену көздерінің бөлімдері желдетумен жабдықталуы керек.

Өрт сөндіру автомобилінің ЭКҚ салонында орналастырылған коректену көзі айналатын және ток жүргізетін бөліктерге тиюді шеттен шығаратын оқшаулау қабығымен жабылуы керек.

Қуаты 16 кВт және артық ЭКҚ генератор роторының айналу жиіліктерін автоматты реттеуі ескерілуге тиіс.

5.5.3.6 *Үш фазалы ауыспалы тоқтың коректену көздерінде барлық шығыстарда, қысқаштарда, қосқыштарда және шығыс құрылғылардың алмалы-салмалы түйіскен қосылыстарында фазалардың ауысу тәртібі бірдей болуға тиіс және сағат тілшігі бойынша фазалық көрсеткіштердің дискі айнулу кезінде үш фазалардың А, В, С алмасуына сәйкес келуі керек.*

5.5.3.7 Коректену көзінің негізгі корпусында Өрт сөндіру автомобилінің шассиі және ЭКҚ рамасымен электр байланысы болуға тиіс.

5.5.3.8 *Басқару қалқанына ЭКҚ коректену көзін қосу резеңке оқшаулауымен, қорғалған металл жеңімен мыс желісі бар кабелмен іске асуға тиіс.*

5.5.3.9 Радиобайланыс құралдарымен бірге орнатылатын жабдықтар мен аппаратуралардың индустриалды радиобөгеттерінің шамалары ГОСТ 30429сәйкес келуге тиіс.

5.5.3.10 Өрт сөндіру автомобилінің ЭКҚ коректену көздері кедергіні басатын құралдармен жабдықталуға тиіс.

5.5.3.11 Коммутациялық элементтерден индустриалды радиобөгеттер деңгейін төмендету үшін (термореттегіштер, қосқыштар, ауыстырып қосқыш және басқалар) түйіспелерді шунттау сұлбалары және түйіспе құрылымдар үшін кедергіге-басулардың бір үлгідегі құрамалы сұлбасы қолданылуға тиіс.

5.5.3.12 Тұрақты, соқпалы және ауыспалы токтар тізбегінде олардың таралу жолдарында радиобөгеттер деңгейін төмендету үшін арнайы сүзгілер бекітілуге тиіс.

5.5.3.13 Өрт сөндіру автомобилінің ЭКҚ негізгі қоректену көздеріне бөгетті басу құралдарын енгізу оның жұмысқа қабілеттілігіне теріс ықпал етпеуге тиіс.

Бөгетті құратын элементтер және құралдар арасындағы жалғағыш өткізгіштердің ұзындығы ең төмен болуға тиіс.

5.5.3.14 Номиналды тәртіпте үздіксіз алты сағат жұмысында негізгі коректену көзінің беттерінің температурасы дайындаушы зауыттың нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасына сәйкес келу тиіс.

5.5.3.15 Қуаты бойынша өрт сөндіру автомобилінің ЭКҚ негізгі коректену көзінің шамадан тыс жүктемесі 1 с. кем емес номиналдыдан 10 % артық емес болуға тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Қалыпты жылу тәртібін белгілеу үшін қажетті 30 мин. кем емес жұмыс үзілісінде ЭКҚ негізгі қоректену көзінің қайтадан шамадан тыс жүктеулері рұқсат етіледі.

5.5.3.16 Шамадан тыс жүктеу тәртібінде ЭКҚ негізгі қоректену көзінің рауалы жиынтықты жұмысы күрделі жөндеуге дейін тағайындалған қор шектерінде пайдаланылған уақыттан 10 % аспауға тиіс.

5.5.3.17 ЭКҚ негізгі қоректену көздерінің электр энергиялары сапасының нормалары ГОСТ 23377 талаптарына сәйкес келуге тиіс.

5.5.4 ЭКҚ автоматтандыруға қойылатын талаптар

5.5.4.1 Өрт сөндіру автомобилінің ЭКҚ ГОСТ 10511 талаптарына сәйкес және

а) шығыс электр параметрлерін тұрақтандыруды (кернеу, жиілік);

б) апаттық-ескерту сигналдауыды және апаттық қорғауды;

в) жүктемені іске қосудан және қосудан кейін, оның ішінде қосымша қызмет көрсетусіз (реттеусіз) және 6 с кем емес байқаусыз қалыпты жұмысты автоматты қолдауды қамтамасыз ететін автоматтандыру дәрежесі болуы керек.

5.5.4.2 Өрт сөндіру автомобилінің ЭКҚ қоректену көздерінде автоматтандырудың бірінші дәрежесі болуға тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Тұтынушының (тапсырушының) талабы бойынша автоматтандырудың жоғары дәрежесінің ЭКҚ орындауға болады.

5.5.4.3 Апаттық-ескерту сигналдауы және апаттық қорғау төмендегідей шекті мәндерге жету кезінде жұмыс істеуге тиіс:

а) оқшаулау кедергілері;

б) майлар қысымдары;

в) салқындатқыш сұйықтың температурасы.

Қорғайтын қолмен ажыратуы және қорғайтын құралдарды қолданып, қажетті қауіпсіздік шараларын сақтап айырылған қорғауда жұмыстар мүмкіндігі (диэлектриялық биялай, диэлектриялық кілемше және басқалар) ескерілуге тиіс.

5.5.4.4 Апаттық тәтіп пайда болған кезде өрт сөндіру автомобилінің ЭКҚ автоматтандыру жүйесі қозғалтқыштың жетігінің тоқтауын, дыбыстық сигналмен қайталайтын басқару қалқанында жарық сигналын беруді қамтамасыз етуге тиісті.

5.5.4.5 Негізгі қоректену көздерінің жетектік қозғалтқышының айналу жиіліктерінің реттегіштері номиналды қуаттан 10 % нан 100 % дейін шектерде кез келген жүктемеде номиналды айналу жиілігін қамтамасыз етуге тиіс.

5.5.5 ЭКҚ электр сұлбаларына қойылатын талаптар

5.5.5.1 *ЭКҚ Электр сұлбалары атқарымдық арналымына байланысты келесі электрлік сұлбалардан тұруы керек:*

а) күш тізбектері;

б) басқару тізбектері;

в) меншікті мұқтаждық тізбектері;

г) автоматиканың атқарымдық құрылғылары.

5.5.5.2 ЭКҚ Электр сұлбаларын ресімдеу ГОСТ 2.701 және ГОСТ 2.702 талаптарына сәйкес болуы керек.

5.5.5.3 ЭКҚ Электр сұлбаларын таңбалау ГОСТ 2.709 талаптарына сәйкес болуы керек.

5.5.5.4 Күштік тізбектер сұлбалары атқарымдық арналымы бойынша бөлінген тізбектерден тұруы керек:

а) күштік коммутация;

б) әлшеу, кернеуді бақылау және сигналдау;

в) электр қауіпсіздігінің құралдары;

г) кернеуді реттеу.

5.5.5.5 Қоректену көздерінің күштік тізбектерінде қондырылған электрөлшегіш құралдардың дәлдіктер классы :

а) тоқты, кернеуді және қуатты өлшеу үшін - 2,5;

б) оқшаулау жиілігін және кедергісін өлшеу үшін - 4,0 кем емес болуға тиіс.

5.5.5.6 Күш беретін коммутациялар тізбектері тұтынушыға негізгі қоректену көзінен электр энергияларын беруді, және де қысқа тұйықталу тогынан және жоғары шамадан тыс жүктеулерден негізгі қоректену көзін қорғауды қамтамасыз етуге тиіс.

5.5.5.7 Күш беретін коммутациялар тізбектері:

а) негізгі қоректену көзінің дербес жұмысын;

б) Өрт сөндіру автомобилінің қоректену көзінің таратушы құрылғысы арқылы сыртқы қоректену көзінен тұтынушыны қоректендіруді;

в) *қоректенудің басқа көздерімен қосарлас жұмысты* қамтамасыз етуге тиіс.

5.5.5.8 Күш беретін коммутация тізбектері мыналарды қамтуы керек:

а) 100 % қуатты тұтынушыға берілуге арналған негізгі қоректену көзінің желісі. Негізгі қоректену көзінің желісінде қысқа тұйықталу тогынан және үлкен шамадан тыс жүктеулерден негізгі қоректену көзі желісінің коммутациясын қамтамасыз ететін аппарат қойылуға тиіс;

б) сыртқы қоректену көзін қосу үшін желілер торабы (тек қана үшін сызықты жиілікті қоректендіру көзі үшін (50,0± 2,5) Гц).

5.5.5.9 Изоляцияда кедергілерге тұрақты бақылауға ауызға-ауыз қоректенулерге көзде алуға ЭКҚ Өрт сөндіру автомобилінің тиісті, ал электр энергиясылар қабылдағыштары қорғайтын ажырату құрылымдар арқылы қоректенуге көзге қосуға тиісті.

Тіркестен изоляциялар кедергілері тұрақты бақылаудың жаса-жасау тұратын электр қауіпсіздіктер қамтамасыз етулер жүйесі және ҚАҚ, ЭКҚ пайдаланымда қауіпсіздіктер қамтамасыз етулері негізгі жүйемен келуге тиісті

5.5.5.9 Өрт сөндіру автомобилінің ЭКҚ қоректену көзінде оқшаулау кедергілерін тұрақты бақылау құрылғысы болуға тиіс, ал электр энергияларын қабылдағыштар қорғайтын ажырату құрылғысы арқылы қоректенуге көзіне қосылуға тиіс.

Оқшаулау кедергілерін тұрақты бақылау құрылғысының үйлесімінен тұратын электр қауіпсіздіктерді қамтамасыз ету жүйесі және ҚАҚ өрт сөндіру автомобилінің ЭКҚ пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі жүйесі болып табылады.

5.5.5.10 Оқшаулау кедергілерін тұрақты бақылау құрылғысы ЭКҚ жұмыс кернеуі астында болатын (корпусқа) жерге қатысты оқшаулау кедергісін бақылауға тиіс:

а) тасымалды электрэнергиялардың көздері;

б) тасымалды электр-энергиялар көздерінен қоректенетін электр энергияларының қабылдағыштары;

в) таратушы қалқандар мен тасымалды кабелдер желілері;

г) оқшаулау кедергілерінің шамасын бағалау және төменде қойылған шамалардан оқшаулау деңгейі төмендеу кезінде жұмыс істейтін жарықтық және дыбыстық сигналдауды қамтамасыз ету.

5.5.5.11 ЭКҚ-да оқшаулау кедергілерін тұрақты бақылау құрылғысын генератор жағынан басты коммутацилық аппаратқа дейін қоректену көзіне орнатуға тиіс.

Оқшаулау кедергісін тұрақты бақылау құрылғысы көмегімен өлшенген ЭКҚ оқшаулаудың ең төменгі рауалы кедергісі *2-кестеде* келтірілген мәндерге сәйкес келуге тиіс.

2-кесте – Қоректену көзінің номиналды параметрлеріне байланысты оқшаулаудың барынша аз рұқат етілетін мәні ЭКҚ

Ток тңрі	Кернеуі, В	Жиілігі, Гц	Жерге (корпусқа) қатысты ЭКҚ оқшаулаудың барынша аз рұқат етілетін мәні, кОм
Ауыспалы	230	50	10,0
	400	50	20,0
	230	400	50,0

5.5.5.12 ҚАҚ күштік тарату қалқандарында белгіленуге және таратқыш қалқанның розеткасына енгізуге дейін фазалық сымдарды селективті ажыратуға дейін фазалық сымдарды қамтамасыз етуге тиіс.

ҚАҚ жеке құрымының жұмысын қамтамасыз ету үшін *3-кестеде* берілген мәндерден артық емес жылыстау тогы кезінде апаттық телімдерді токтан ажырату керек.

3-кесте – Қоректену көздерінің ток жиілігіне байланысты барынша рұқат етілетін жылыстау нңктелері

Ток тңрі	Кернеуі, В	Жиілігі, Гц	Жылыстау тогы, А, артық емес	Ажырату ұзақтығы, с, артық емес
Ауыспалы	230	50	0,05	0,05
	400	50	0,05	0,05
	230	400	0,015	0,05

5.5.5.13 Басқару тізбектерінің сұлбалары қоректену көздерінің автоматты жұмыстарын және берілген автоматтандыру дәрежесіне сәйкес оларды басқаруды қамтамасыз ететін электр тізбектерінің және элементтердің жиынтығын қамтуы керек.

5.5.5.14 Қоректену көздерінің тізбектер сұлбалары келесі қызметтердің орындалуын қамтамасыз етуге тиіс:

а) қозғалтқышты іске қосуды және тоқтатуды басқару;

б) қысқа тұйықталудан қоректену көзінің апаттық сигналдауы және қорғауы;

в) шассидің стартерлік батареяларын автоматты зарядтау.

5.5.5.15 Тізбектер сұлбалары функционалдық тағайындау бойынша ерекшеленген келесі жеке тізбектерден тұруға тиіс:

а) қоректену тізбектері;

б) жүктемелерді іске қосу және қабылдау;

апаттық параметрлерді бақылау, қысқа тұйықталудан қорғаулар және сигналдау;

г) тоқтау;

д) сыртқы көздің сақтау;

е) атқарушы құрылымдарды.

5.5.5.16 *Қоректену тізбектерінде қысқа тұйықталу токтарынан және жүктемелерден электр тізбектерді қорғауды қамтамасыз ететін сақтандырғыштар немесе қорғау автоматтары көзделуі керек.*

Қорғау тізбектері сұлбасының қоректену көзінің жағымды клеммасымен қосылған шинада қондырылуы керек.

5.5.5.17 Қоректену тізбектерінде тізбектер қол және автоматты басқару сұлбарының тізбектер коммутациясын қамтамасыз ететін ажыратқыштар немесе қайта қосқыштар ескерілген болуға тиіс.

5.5.5.18 Апаттық параметрлерді бақылау тізбектері, қорғаудың және апаттық сигналдау тізбектері мыналарды қамтамасыз етуге тиісті :

а) қоректену көздер үшін келесі параметрлерді бақылау:

- салқындату сұйықтықтарды қыздыру;

- майларды қыздыру;

- салқындатқыш сұйықтар деңгейін рұқсат етілетіннен төмен;

- майларды қосу;

- рұқсат етілетіннен жоғары айналымдар;

- қысқа түйықталудан немесе апаттық жүктемеден қоректену көзін ажырату;

б) апаттық параметрлер бойынша қорғауды ажырату мүмкіндігі, онда апаттық күйді сигналдауынн сақтаумен пайдаланымның ерекше жағдайларында тұтынушыны қысқа мерзімді электрмен жабдықтау мүмкіндігі;

в) апат себебін жоюдан кейін бастапқы күйге (қол) сұлбаларын қайтару;

г) бақылау тексеру мүмкіндігі

5.5.5.19 Қоректену көзі апаттық тоқтауда апат себебін және сұлбаны босатуға дейін қозғалтқышты іске қосу мүмкіндігін шеттен шығаратын іске қосу блогын қамтамасыз етілуге тиіс.

5.5.5.20 ЭКҚ атқарушы құрылғыларының тізбектері қозғалтқыштың жіберуді және тоқтауды, және де генератордың және желінің тораптарының сөндіргіштерін қосуды және ажыратуды қамтамасыз ететін атқарушы құрылғылармен басқару тізбектерін қамтуға тиіс.

5.5.5.21 Атқарушы құрылымдардың тізбектері ЭКҚ қол сияқты, сондай-ақ автоматты басқаруда атқарушы құрылымдарды қосу мүмкіндігін ескеруге тиіс.

5.5.5.22 Меншікті мұқтаждықтар үшін тізбектердің сұлбалары өзіне қоректену көздерінің қосалқы жүйелермен және тетіктерімен қолмен және автоматты басқаруды қамтамасыз ететін электр тізбектердің және элементтердің жиынтығын қамтуға тиіс.

5.5.5.23 Меншікті мұқтаждықтар үшін тізбектердің сұлбалары функционалдық тағайындау бойынша ерекшеленген келесі айтарлықтай тізбектерден тұруға тиіс:

а) қоректену тізбектері;

б) жарықтар;

в) аккумуляторлық батареяларды зарядтау

1 ЕСКЕРТПЕ Қоректену көзінің қуаттына, конструктивтік орындалуына және автоматтандыру дәрежесіне байланысты оның жеке сұлбаларынан құрамда аталған тізбектердің кейбірін ескермеуге болады.

2 ЕСКЕРТПЕ Меншікте мұқтаждықтарға арналған жүйелердің және тетіктердің аздаған мөлшерімен қоректену көздері үшін меншікті мұқтаждықтар үшін дербес сұлбаны ескермеу рұқсат етіледі, ал тиісті тізбектер күш беретін тізбектер сұлбалар құрамына автоматты басқару сұлбалар құрамын қамтуы керек.

5.5.5.24 Жарықтар тізбектері қалқандардың және блоктардың, қозғалтқыш шанақтарын және шықпа панелдері (қажет болса) құралдық панелдердің жарықтандырылуын (жарықтандыру) ескеруге тиіс.

5.5.5.25 Қоректенулер көздерінің жарықтандыру тізбектері төмендететін трансформатор арқылы айнымалы тоқ кернеуінен қыздыру шамдарының қоректенуін ескеруге тиіс.

Айнымалы тоқ кернеуі жоғалуда стартерлік аккумуляторлық батареяларға жарықтандырудың автоматты ауыстырып қосуын қамтамасыз етуге тиіс.

5.5.5.26 Жарықтандыру тізбектерінде қысқа тұйықталу тогынан қорғау үшін сақтандырғыштар ескерілуі керек.

5.6 Электр энергиясын қабылдағыштарға қойылатын талаптар

5.6.1 Өрт сөндіру автомобильдер электр энергиялардың стационарлық және тасымалды қабылдағыштарымен жиынтықтылуы керек.

5.6.2 Электр энергиялар қабылдағыштарының жұмыс кернеуі 230 көп емес болуға тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Электр энергиясының тасымалды қабылдағыштары үшін кернеу түрі белгіленген тәртіпте бекітілген нақты үлгідені өрт сөндіру автомобильінің нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасында көрсетілген болуға тиіс.

Электрэнергиясының стационарлық қабылдағыштарының корпусында Өрт сөндіру автомобилінің ЭКҚ шассиімен және жиегімен металл байланыс болуы керек.

Электрэнергиясының тасымалды қабылдағыштары ҚАҚ арқылы ЭКҚ қосылуы керек.

5.6.3 Негізгі жұмыс сұлбалары бойынша электр энергияларының тұрақты және тасымалды қабылдағыштарымен бір уақытта тұтынылатын жиынтықты қуат қоректену көзінің номиналды қуаттарынан ЭКҚ 90% көп емес болуға тиіс.

5.6.4 *ЭКҚ таратқыш құрылғыларына электрэнергияның тасымалды қабылдағыштарын қосу кабельдер арқылы жүзеге асырылады.*

Ажырату желісіз қоректендіру желісіне электр энергияларының тасымалды қабылдағыштарын желіге қосуға рұқсат етілмейді.

5.6.5 Ажыратулар (штепсельді қосудан) ток жүргізетін бөліктермен жеке құрам үшін қол жетпейтін болуы және ҚАҚ-мен электр энергиясын қабылдағыш корпусын қосатын кбель үшін арнайы түйісуі болуға тиіс.

5.6.6 ҚАҚ-мен электр энергиясы қабылдағышының корпусын қосу арнайы тасымалды кабелдің желісі арқылы жүзеге асырылуы керек.

Арнайы желі кабельдің ортақ қабықшасында орналасуға тиіс, және бір уақытта жұмыс тоқтарының өткізгіші болмауы керек.

5.7 Тармақтау қораптарына және кабельдік орауыштарға қойылатын талаптар

5.7.1 Электрэнергияның қабылдағыш топтарына қосу үшін тармақтау қораптары кернеу алу үшін розеткалармен жабдықтауға тиіс.

5.7.2 Тармақтау қораптарының розеткалары ылғалдан және ластандан қорғалуы үшін бұқтырмалары болуға тиіс.

5.7.3 Тармақтау қораптарында кернеу болуы туралы жарық сигналдауы көзделуге тиіс.

5.7.4 Кабелдік оруаштардың конструктивтік орындалуы жер бетінен кабелдің ажыратылу корпустарынан байланысу мүмкіндігін шеттен шығаруға тиіс.

5.7.5 ЭКҚ жинағына электрэнергияның тасымалды қабылдағыштарымен жұмыс жеделдігін жоғарылату үшін 25 м ден 40 м дейін ұзындықпен күш беретін кабелдермен тасымалды орауыштар, сондай-ақ ұзындығы 90 м ден 100 м дейін магистралдық кабельді тұрақты орауыштар ескерілуге тиіс. Кабелдің қимасы 2,5 мм кем емес болуға тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Күштік кабельдері бар тасымалды және тұрақты орауыштардың нақты ұзындығы тұтынушымен (тапсырыс берушімен) анықталады.

5.7.6 Тасымалды кабельлік орауыштар оларды тасымалдау үшін белдікпен жабдықталуы керек.

5.7.7 Тармақтау қораптарының құрылымы ГОСТ 14254 бойынша IP45 қорғау дәрежесінің талаптарына сәйкес болуға тиіс.

5.7.8 Агрегаттар арасындағы қосу кабельдерінің ажыратулары олардың өздігінен ажыратылуын шеттен шығаратын қосылыстары болуға тиіс.

5.8 Жарықтандыру діңгегіне қойылатын талаптар

5.8.1 Өрт сөндіру автомобилінің өрт (апат) орындарын жарықтандыру аймақтарын үлкейту мақсаттарында жер бетерінен 8,0 м кем емес биіктікте прожекторларды көтеру үшін жарық беруші діңгекпен жабдықтаған болуға тиіс.

5.8.2 Өрт сөндіру автомобилінің жарық беруші діңгегі бағдарлау тетігімен бұрылатын платформаға қойылған прожекторларды көтеруді (түсіруді) қамтамасыз етуге және созылуларсыз пайдалануға тиіс.

5.8.3 Жарық беруші діңгек берілген биіктікке оны көтеру үшін (электр, гидравликалық немесе пневматикалық) жетекпен жабдықталуға тиіс.

Жарық беруші діңгектер жетегімен басқару органдары өрт сөндіру автомобилі жүргізушісінің жұмыс орнында болуға тиіс.

Жетек тұрпатына тәуелсіз жарық беруші діңгекте берілген биіктікте беркітілген тежеуіш болуға тиіс.

Жарық беруші діңгек екі жазықтықтарда дистанциялық жетегі бар кеңістікте прожекторлардың бағдарлау тетігімен (бұрылыс құрылымымен) жабдықталған болуға тиіс:

а) *қолденеңі бойынша 180° кем емес;*

б) *тігі бойынша 90° кем емес.*

Прожекторлардың бағдарлары тетігімен басқарудың дистанциялық органдары Өрт сөндіру автомобилінің жүргізушісінің жұмыс орнында болуға тиіс.

5.8.4 Жарық беруші діңгекте орналасқан прожекторлардың жиынтықты қуаты 3 кВт кем емес болуға тиіс.

5.8.5 Прожекторлардың құрылымы ГОСТ 14254 бойынша IP45 қорғау дәрежелерінің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

5.9 *Эргономика талаптары*

5.9.1 Басқару органдарына қойылатын эргономикалық талаптар ГОСТ 21753, ГОСТ 21786 және ГОСТ 21829 сәйкес болуы керек.

5.9.2 Өрт сөндіру автомобилінің арнайы агрегаттарымен басқару органдарына салынатын күштер ГОСТ 21752 және ГОСТ 21753 талаптарымен белгіленген мәндерден аспауға тиіс.

Басқару органдары тұтқаларының орталықтары (былғағыштары, ажыратқыштары, тумблерлері және басқалар) қол жету аумақтарының шектерінде болуы ГОСТ 27258 талаптарына сәйкес болуы керек.

5.9.3 Өрт сөндіру автомобилінің жұмыс орындарын ұйымдастырудың эргономиикалық көрсеткіштері ГОСТ 12.2.032 талаптарына сәйкес болуы керек.

5.9.4 *Оператордың немесе басқа өрт сөндірушілердің қолдарымен қатынаста болатын басқару органдарының элементтерін жылу өткізгіштігі 0,2 Вт/м^{2} артық емес материалдан дайындауға немесе қалыңдығы 0,5 мм кем емес қалыңдығымен бұл материалдан жасалған жабыны болуға тиіс.*

5.9.5 Басқару органдарының функционалдық арналымының белгісі үшін ГОСТ 26336 талаптарына сәйкес символдары қолданылуға тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Арналымын және өрт сөндіру автомобилінің жұмысын және оның арнайы агрегаттарын көрсететін ГОСТ 26336 белгіленбеген қосымша символдарды қолдану рұқсат етіледі.

5.9.6 Бөлімдердің өлшемдері ГОСТ 12.2.033 талаптарына сәйкес келуге тиіс.

5.9.7 *Кабина есіктерін және бөліктерді, тұтқаларды және басқа элементтерді басқару, ашу үшін қапсырма мен тұтқалардың өлшемдері жылытған жеңде оларды қолмен ұстау мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.*

5.9.8 *Пайдаланымға және қызмет көрсетуге жататын барлық құрылғыларға, элементтерге, бөлшектерге және бақылауға еркін рұқсат мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіст.*

Өрт-техникалық қару-жарақты, арнайы жабдықты және аппаратураларды іздестіруді жеңілдету үшін бөліктер есіктерінің ішкі бетінде немесе бүйірлік қабырғаларында жақсы көрінетін және оқылатын кесте-нұсқағыштар орналастырылған болуға тиіс.

5.9.9 Салмағы 20 кг артық арнайы жабдықтардың түйіндерінде және бөлшектерінде жүк көтеретін элементтер (саңылау, қапсырма, тұтқа және т.б.) болуға тиіс.

5.9.10 *Өрт сөндіру автомобилінің төбесінде орналасқан жабдыққа рұқсат үшін тұтқаларымен тұрақты саты ескерілген болуға тиіс.*

Сатылар баспалдақтарында 150 мм кем емес ені болуға тиіс.

Баспалдақтар арасындағы қашықтық 300 мм көп емес болуға тиіс.

Сатылар баспалдақтары өрт сөндіруші (құтқарушы) көтерілетін баспалдақтың тұрақты жағдайын қамтамасыз ететін беті болуға тиіс.

5.9.11 Жұмысқа арналған төбедегі алаңдарда биіктігі периметрі бойынша 100 мм кем емес қоршауы, сондай-ақ сырғанауға кедергі келтіретін жабыны бар төсеніші болуға тиіс.

5.10 Материалдарға және жинақтаушы бұйымдарға қойылатын талаптар

5.10.1 Өрт сөндіру автомобильдерін жасауда қолданылатын материалдар және жинақтаушы бұйымдар белгіленген тәртіпте бекітілген нормативтік және нормативтік техникалық құжаттама талаптарына сәйкес келуге тиіс.

5.10.2 Өрт сөндіру автомобилінде бекітпе бұйымдардың ең төменгі түрі қолданылуға тиіс.

Пайдалану процесінде жиі бұрап алынатын бұрандалар, болттар және басқа бекітпе элементтері түспейтіндей орындалуға тиіс.

Құрастырудағы тіреу бөлшектері сенімді тартылуы және сынып түскен қырлардың және жұлынған шлицтер болмауы керек.

5.10.3 Бөлшектердегі ойықтар толық пішінді, қабыршақтарсыз, майысқан жерлерсіз және үзілген жіптерсіз болуға тиіс.

ЕСКЕРТПЕ *Кесу ұзындығынан 10 % артық емес және де оның ұзындығынан 20 % артық емес бір орамда жергілікті жұлынғандар рұқсат етіледі.*

5.10.4 Қыздырып өңдеуден өткен бөлшектерде сапаны төмендететін цементтелген беттің дақтар және басқа міндер, сызаттар, қабыршақтар, дақтар болуғы тиіс.

Кез келген бөлшектер сапасыз қыздырып өңдеуді дұрыстау бір реттен көп емес өндіруге рұқсат етіледі.

5.10.5 Дәнекерлеу алдында пісірілетін бөлшектер кірден және тот басқаннан тазалануға тиіс. Дәнекерленген тігістер тазартылған болуға тиіс. Дәнекерленген қосылыстарда сыртқы беттерде сызаттар, пісірілмеген орындар, қаспақтар, кесіктер, сыздауықтар, жеке ұзын міндер, тіркестер және жиналып қалған саңылаулар және сыртқы түрін нашарлататын және бұйымдардың беріктігін төмендететін қозынды қосылыстар рұқсат етілмейді.

5.10.6 Иілген орындарда табақты және пішінді прокаттан жасалған бөлшектерде сызаттар болмауға тиіс.

5.10.7 Құйып жасалған бөлшектерде бұйымның беріктігін және сыртқы түрін нашарлататын және төмендететін сызаттар, бөтен қосындылар және басқа ақаулар болмауы керек.

Егер нормативтік және техникалық нормативтік құжаттамада құймаға қойылған басқа талаптар жоқ болса, құйма бөлшектер бетінде ұзындығы 3 мм және тереңдігі құйма қабырғаларының қалыңдығынан 25% артық емес қаяулар рұқсат етілмейді.

Құймалардың өңделмеген беттерінде құйма бетімен бірдей бұдан әрі қарай тазалап пісіру жолымен құйма ақауларын түзетуге болады.

5.10.8 Шегелеу, ойық және қосылыстар көмегімен жалғастырылған бөлшектердің түйіспе (ұстастыру) беттері алдын ала бітелуі немесе сырлануы керек.

5.10.9 Бөлшектерге беттерінде беріктікті төмендететін, сыртқы түрін нашарлататын және бұйымды қолдануда және қызмет көрсетуде жеке құрамды жарақаттандыратын өткір шетте, қабыршақтар, майысқан жерлер және басқа ақаулар болмауға тиіс.

5.10.10 Өрт сөндіру автомобилінің агрегаттары және түйіндері үшін майлайтын материалдар қызмет көрсету үшін қолданылатын базалық шассидің санынан таңдалуға тиіс.

Майлайтын материалды кезеңді қалпына келтіру немесе қосу процесінде талап етілетін үйкеліс түйіндерінде түйінді немесе көрші агрегаттарды бөлшектеусіз немесе қайта жинақтаусыз майлауға мүмкіндік туғызатын құрылғылары (май құйғыш және т.б) болуы керек.

5.10.11 Өрт сөндіру автомобилінің құрылымы агрегаттық әдіс бойынша жөндеу мүмкіндігін, сондай-ақ жөндеу және жинақтау жұмыстарының ыңғайлығын қамтамасыз етуге тиіс.

Өрт сөндіру автомобилін жасауда қалыптандырылған жинақтаушы бұйымдар, түйіндер, агрегаттар және тетіктер қолданылуға тиіс.

5.10.12 Қолданылатын материалдар және жинақтаушы бұйымдар өрт автомобильдерді және пайдалану кезінде адам ағзасына зиян және ушықтыратын әсерлер етпеуге тиіс.

5.11 Сыртқы әсерлерге қойылатын тұрақтылық талаптары

5.11.1 Өрт сөндіру автомобилиндер, қоректену көздері ЭКҚ және жабдық климаттық әсерлерге тұрақты болуға тиісті және У немесе УХЛ климаттық орындауға, және минус 40 °С тан 40 °С дейін қоршаған орта температурасында жұмыс істеу және ГОСТ 15150 1 және 2 тұрпатты атмосферада пайдалану үшін 1 орналастыру санатына сәйкес болуға және нақты үлгідегі өрт сөндіру автомобильіге қойылатын талаптармен басқа көзделмесе, 10 °С жоғары ауа температурасы бар бөлмелерде жедел күту мерзіміне орналастырылған

ЕСКЕРТПЕ Тұтынушының (тапсырыс берушінің) талабы бойынша көп кеңдеу (немесе тарлау) температура ауқымымен макроклиматтық аудандарда қолдану үшін өрт сөндіру автомобилін дайындауға рұқсат етіледі, олардың қосымша техникалық талаптары белгіленген тәртіпте бекітілген нақты үлгідегі Өрт сөндіру автомобилінің нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасында белгіленуге тиіс.

5.11.2 Өрт сөндіру автомобилінің ЭКҚ қоректену көздері механикалық әсерлерге тұрақты болуға және ГОСТ 17516 бойынша М18 тобына сәйкес келуге тиіс.

5.11.3 Өрт сөндіру автомобилиндер тоттану әсеріне тұрақты болуға тиіс.

Өрт сөндіру автомобилінің сыртқы беттерінде ГОСТ 9.032 бойынша класы III төмен емес, ГОСТ 9.104 бойынша VI пайдалану шарттарының топтары, У немесе УХЛ климаттық орындалулар, және ГОСТ 15150 бойынша 1 орналастыру санаттары үшін лакбояу жабындары (резеңке бөлшектерден, шыныдан және сәндік металл жабындарынан басқа) болуы керек.

5.11.4 Өрт сөндіру автомобилінің сыры ҚР СТ 1863 талаптарына сәйкес түсграфикалық сұлбаларға сай келуге тиіс.

5.11.5 Лак-бояу жабындарының қалыңдығы:

а) бір қабатты жабындар үшін15 мкм;

б) екі қабатты жабындар үшін 35 мкм;

в) үш қабатты жабында үшін 55 мкм кем емес болуға тиіс.

Сыртқы металл беттеріне жабын жағу бойынша екі қабатан кем емес боялған болуға тиіс.

5.11.6 Негізгі жабу түстері қызыл болуға, қарама-қарсы түсті жолақтардың және есіктердің түсі ақ болуға тиіс.

Сыртқы беттердің жабыны үшін ГОСТ 18099 бойынша «МЛ-152» эмаль қолданылуға тиіс, сондай қорғайтын қасиеттері бар, сондай түсті басқа эмальдар қолданылады.

Қолданылатын лак-бояу бұйымдар токсикологиялық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуге тиіс.

5.11.7 Сырлау алдында металл беттерді әзірлеу ГОСТ 9.402 талаптарына сәйкес келуге тиіст.

5.11.8 Өрт сөндіру автомобилі шанағының, кабинаның, бөлімдердің, табандардың, трансмиссия элементтерінің жүріс бөліктерінің төменгі беттерінде бұл, ГОСТ 9.032 бойынша VI класстан төмен емес лак-бояу жабындар болуға тиіс.

Жабын түсі Өрт сөндіру автомобилінің базалық шассиінде қолданылатын эмаль түсіне байланысты қара немесе басқа түсті болуға тиіс.

Өрт сөндіру автомобилінің төменгі беттерінің жабындары үшін ГОСТ 6465 бойынша «ПФ-115» маркасының эмалі немесе қорғайтын қасиеттері бойынша көрсетілгеннен жаман емес басқа эмальдар қолданылады.

5.11.9 Кабинаның, салонның және оның бөліктерінің ішкі беттерінде ГОСТ 9.032 бойынша V кластан төмен емес лак-бояу жабындар болуға тиіс.

Жабын түсі ақшыл-көгілдір немесе сұр-көгілдір, немесе ашық-сұр-көгілдір болуға тиіс.

Ішкі беттер жабындары үшін кіршең эмальдың қолданылуға тиісті ГОСТ 18374 «ХВ-110», ГОСТ 18099 «МЛ-152» бойынша немесе көрсетілгеннен төмен емес қорғайтын қасиеттер бойынша сол түсті басқа эмальдар қолданылады.

5.11.10 Өрт сөндіру автомобилын электрмен жабдықтаудың тоттануға қарсы қорғауы ГОСТ 9.301 және ГОСТ 9.303 *талаптарына сәйкес лак-бояу металл және металл емес бейорганикалық жабындарды немесе олардың тіркесімдерін түсіру әдісімен іске асуға тиіс.*

5.11.11 Құрастырудан кейін лак-бояу жабындардың бұзықтары жойылуға тиіс. Егер жеке панелдердің немесе құрастырушы бірліктердің бұзылған телімдерінің ауданы боялған беттен 10 % көп болса, барлық бет бойынша жабын қалпына келуге тиіс.

Сыртқы қабаты бұзылса бөлімшенің сыры өндіріп сол лак-бояу материалымен жасалады

5.11.12 Өрт сөндіру автомобилінің лак-бояу жабындары қысымы 0,15 МПа артық емес табиғи кептіруді, су ағынымен шоғырланған механикалық жууды қамтамасыз етуге тиіс, сондай-ақ су, көбіктендіргіштер ерітінділерінің, отын және майлайтын материалдар әсеріне төзімді болуға тиіс.

5.12 ***Сенімділік талаптары***

5.12.1 Өрт сөндіру автомобилінің сенімділігі ГОСТ 27.410 талаптарына сәйкес болуы және бұзылусыз жұмыстың және ұзақ уақытқа жарамдылықтың келесі көрсеткіштері болуға тиіс:

а) арнайы агрегаттардың гамма-пайыздық жетегі және бұзылуға дейін олардың жетегі 80 % кем емес;

б) бірінші күрделі жөндеуге дейін өрт сөндіру автомобилінің арнайы агрегаттарының гамма-пайыздық ресурсы 80 % кем емес;

в) тізімнен шығаруға дейін толық орташа мерзімі.

ЕСКЕРТПЕ *Өрт сөндіру автомобилінің қызмет мерзімі белгіленген тәртіпте бекітілген нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасында көрсетілуге тиіс*

5.12.2 Қоректенудің негізгі көзінің сенімділік көрсеткіштері ҚР СТ ГОСТ Р 53176 талаптарына сәйкес болуға тиіс.

Бірінші күрделі жөндеуге дейін қоректенудің негізгі көздерінің ресурсы және оның жетегі 1500 ч кем емес болуға тиіс.

5.13 Жиынтықтылық

5.13.1 Өрт сөндіру автомобилі келесі жабдықтармен және құрал-сайманмен жиынтықталуға тиіс:

а) *белгіленген тәртіпте бекітілген нақты үлгідегі өрт сөндіру автомобилінің нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасы талаптарына сәйкес ӨТҚ, арнайы жабдықпен, құрал-сайманмен және аппаратурамен;*

б) жүргізушіні қоспағанда құрам санынан әрбір газ түтін қорғағышқа бірден ТОЖҚҚ ;

в) ТОЖҚҚ сынақтарын өткізуді қамтамасыз ету және қызмет көрсету үшін аспаппен және құралмен, дезинфекциялайтын құралдармен және ауа ортасы құрамының бақылау құралдарымен;

г) электркүш қондырғысымен;

д) электржабдықпен (электраспап, түтін соргыштар, жарық жабдығы);

е) *байланыс құралдарымен;*

ж) жарықтандыру діңгегімен;

и) алғашқы дәрігер алдындағы медициналық көмек көрсету құралдарымен;

к) *өрт сөндіргіштермен және басқалармен.*

ЕСКЕРТПЕ Өрт сөндіру автомобилінен шығарылатын әрбір тыныс аппаратында ауасы бар бір резервтік баллондар жинағы, ал әрбір противогазға – оттегі бар бір резервтік баллон және бір резервтік регенеративтік патрон көзделуі керек.

5.13.2 *Өрт сөндіру автомобилінің салонында және бөлігінде жайғастырылған өрт-техникалық қару, тыныс және көру органдарының жеке қорғау құралдары, арнайы электржабық, байланыс құралдары, құрал-сайман және аппаратура тізбесі А қосымшасында берілген.*

5.13.3 «Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасы қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті талаптарына сәйкес өрт сөндіру автомобилінің жинағына кіретін ТОЖҚҚ, ӨТҚ, қолданылатын арнайы жабдық, аспап пен аппаратура [2] бойынша сәйкестікті растау процедурасынан өтуі керек.

5.13.4 *Өрт сөндіру автомобилінің жеткізу жинағына келесі нормативтік техникалық құжаттама кіруге тиіс:*

а) паспорт, формуляр, пайдалану басшылығы, жинақтау, іске қосу, реттеу және жүргізіп сынау нұсқаулығы ГОСТ 2.601бойынша;

б) жөндеу құжаттамасы ГОСТ 2.602 бойынша;

в) *ЭКҚ, ТОЖҚҚ, ӨТҚ және басқа жабдыққа сәйкестікті растау және техникалық құжаттама;*

г) *қозғалыс қауіпсіздігінің аумақтық органдарында өрт сөндіру автомобилын тіркеу үшін қажетті құжаттар.*

5.13.5 *Нормативтік техникалық құжаттама мемлекеттік және орыс тілдерінде орындалуы керек.*

5.14 Таңбалау

5.14.1 Өрт сөндіру автомобилынің таңбалауы «Автокөлік құралдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті талаптарына сәйкес болуы керек (9 тармақты қараңыз).

5.14.2 ЭКҚ, ТОЖҚҚ , ӨТҚ, байланыс құралдарында, қолданылатын арнайы жабдықта, құрал және аппаратурада «Орамаға, таңбалауға, заттаңбалауға және олардың дұрыс түсірілуіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес таңбалауы болуы керек (3-бөлімді қараңыз).

5.14.3 *Таңбалауда барлық қызмет мерзімі ішінде бұйымдар сақталуы керек.*

5.14.4 *Нақты үлгідегі өрт сөндіру автомобилын сәйкестендіру мақсатында құрылымдық белгісі болуға тиіс.*

Нақты үлгідегі өрт сөндіру автомобилынің құрылымдық белгісі белгіленген тәртіпте бекітілген нақты үлгідегі өрт сөндіру автомобилынің нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасында көрсетіледі.

Өрт сөндіру автомобилынің құрылымдық белгісі Б қосымшасында берілген.

5.14.5 Өрт сөндіру автомобилынің басқару органдарының, қызмет көрсету заттары мен ақпарат көрсетілімі ГОСТ 26828 талаптарына сәйкес түсірілуге тиіс.

5.15 Буып-тңю

5.15.1 Толық жиынтықталған өрт сөндіру автомобилы орамасыз жиналған түрінде тұтынушыға (тапсырыс берушіге) жөнелтілуі керек.

5.15.2 Нормативтік техникалық құжаттама ГОСТ 23170 талаптарына сәйкес жиынтықтылуы керек.

5.15.3 *Тұтынушыға (тапсырыс берушіге) жөнелту алдында өрт сөндіру автомобилы пломбылануы керек.*

Пломбылау орны және пломбылау түрі белгіленген тәртіпте бекітілген нақты үлгідегі өрт сөндіру автомобилынің нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасында белгіленуге тиіс.

Дайындаушы-зауыта пломбылау және тиеу алдында базалық шассиді тасымалдау талаптарына сәйкес келесі шаралар орындалуға тиіс:

а) шыныларды салқындату және жуу жүйесінен суды төгу керек;

б) аккумуляторлық батареяны ажырату;

в) 50 км кем емес жүріске кепілдік беретін *«Автомобиль және авиациялық бензиніне, дизельдік және кеме отынынына, реактивтік қозғалтқыш және мазутқа арналған отынға қойылатын талаптар туралы» техникалық регламенті талаптарына сәйкес* шассидің жанармай бағына жанармай құю керек;

г) жанармай бағының тығындары дұрыстығын тексеру керек, оның тығыз жабу және пломбылау керек;

д) ішкі жағынан кабиналардың маңдайша әйнегіне салқындату жүйесінен салқындатқыш сұйықтарды, әнекті жуғыштан суды жою туралы, аккумуляторлық батареялардан ажырату және күйі туралы, (электролитпен, электролитсіз) және қозғалтқышты және күш беретін тапсырыстарды (жазғы, қысқы) майлау туралы баяндаушы заттаңба желімденуі керек.

ЕСКЕРТПЕ Тікелей дайындаушы зауытта тұтынушы (тапсырыс беруші) өнімді алу жағдайында даярлайтын шаралар жүргізілмейді.

5.15.4 Экспортқа арналған өрт автомобильдердің орамасына қойылатын қосымша талаптар нақты үлгідегі өрт сөндіру автомобилінің келісімімен немесе шартымен ескерілуі керек.

6 *Қауіпсіздік талаптары*

6.1 Өрт сөндіру автомобилиндерді өндіру, пайдалану, техникалық қызмет көрсету, сынау және жөндеу кезінде «Автокөлік құралдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар», «Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасы қауіпсіздігіне қойылатын талаптар», «Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенттерінде, ҚР СТ 12.0.002, ГОСТ 12.0.230, ГОСТ 12.1.005, ГОСТ 12.1.019, ГОСТ 12.2.003, ГОСТ 12.3.002, ЕЭК №23 БҰҰ Ережелерінде белгіленген қауіпсіздік талаптары сақталуға тиіс.

6.2 ЭКҚ құрылымы ГОСТ 12.1.019 талаптарына сәйкес электр тогынан зақымданудан жеке құрамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс.

6.3 Өрт сөндіру автомобилінің жарық беруші діңгектері прожекторларының электр энергияларының тасымалды қабылдағыштарының ЭКҚ құрылымын қорғау дәрежесі ГОСТ 14254 бойынша IP 45 кем емес орындауға сәйкес болуға тиіс.

6.4 Өрт сөндіру автомобилі электр тогынан зақымданудан жеке құрамды қорғау құралдарымен жиынтықталуға (диэлектриялық биялайлар, ботылар, кілемшелер, сондай-ақ электр сымдарды кесу үшін қайшылар) [1] талаптарына сәйкес бірінші дәрігерлік көмек көрсету және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тиіс.

6.5 Өрт сөндіру автомобилі ҚР СТ ГОСТ Р 51853 талаптарына сәйкес дайындалған өзекті жерлендірумен жиынтықтылуға тиісті.

Жерлендіру құрылымдарының жиынтығы ГОСТ 21130 бойынша жерлендіру қыспағы бар өзектен, сондай-ақ құлпыдан және балғадан тұруға тиіс.

Өзек және жерлендіру өткізгіштері арасындағы аумалы-төкпелі кедергі 600 мкОм көп емес болуға тиіс.

Жерлендіру құрылымы 25 Ом көп емес жайылуға кедергіні қамтамасыз етуге тиіс.

6.6 Оқшаулау бұзылу салдарынан қауіпті кернеу астында болатын электр жабдықтардың барлық металдық ток жүргізетін бөліктерінде қоректену көзінің корпусымен электр қосылысы, сондай-ақ өрт сөндіру автомобилінің шассиі рамасы болуға тиіс.

6.7 Тасымалды электр энергияның қабылдағыштарының электр қоректенуі қоршаған ортаға тұрақты көп мәртелік иілуге және үйкелуге тұрақты қабықшадағы мыс желілермен, резеңке оқшаулаумен тасымалды икемді кабелмен жүзеге асырылады.

6.8 *Өрт сөндіру автомобильіге техникалық қызмет көрсету, сынау, жөндеу бойынша жұмыстар жүргізілетін бөлмелер ГОСТ 12.4.021 бойынша кіру-сору желдеткішімен жабдықталуы, [5] талаптарына сәйкес жарықтандыру және [6] талаптарына сәйкес жылыту болуға тиіс.*

6.9 *Өрт сөндіру автомобильіге техникалық қызмет көрсету, сынау, жөндеу бойынша жұмыстарға келесі тұлғаларға рұқсат беріледі:*

а) ГОСТ 12.0.004 және 12.0.230 ГОСТ бойынша *қауіпсіз еңбек әдісімен арнайы инструктаж және оқыту;*

б) қолданыстағы заңдарға сәйкес медициналық алдын алу қараулар.

6.10 Өрт сөндіру автомобилін сынау және техникалық қызмет көрсету орындарында *«Өндірістік объектілердегі сигнал түстеріне, белгілерге және қауіпсіздік белгілеріне қойылатын талаптар» техникалық регламенті талаптарына сәйкес ескерту қауіпсіздік белгілері белгіленуі керек.*

7 Қоршаған ортаны қорғау талаптары

7.1 Өрт сөндіру автомобилі салонының ішкі шу деңгейі ГОСТ 27435 талаптарына сәйкес болуға тиіс.

7.2 Сыртқы шу деңгейі (арнайы дыбыстық сигналды қосу кезінде) ЭКҚ қозғалысы немесе жұмысы уақытында ҚР СТ 41.51 және ГОСТ12.1.003 талаптарына сәйкес болуы керек.

7.3 Өрт сөндіру автомобилінің қозғалысы кезінде және жұмыс істейтін қозғаушы тұрағында салон ауасында зиянды қоспалардың қонцентрациясы ҚР СТ ГОСТ Р 51206 сәйкес белгіленген мәндерден аспауға тиіс.

7.4 Өрт сөндіру автомобилінің қолданылған газдарында көміртек тотығының құрамы ҚР СТ 1433 талаптарына сәйкес болуға тиіс.

7.5 Дизельді қозғалтқышы бар Өрт сөндіру автомобилінің қолданылған газдарының түтіндігі «Қазақстан Республикасы аумағында айналымға шығарылған автокөлік құралдарының зиян (ластайтын) заттарының тастандыларына қойылатын талаптар туралы» техникалық регламентті, ҚР СТ 41.24, ҚР СТ 41.96 және ГОСТ 17.2.2.01 талаптарына сәйкес болуы керек.

7.6 *Тұтас өрт сөндіру автомобилінің жиынтықтылығы және агрегаттар құрылымы, түйіндер жүйелер майлайтын сұйықтықтар, отын, салқындатқыш, тежеу немесе басқа арнайы сұйықтықтар ағу мүмкіндігін (тамшылар құрылуын) шеттен шығаруға тиіс.*

8 Қабылдау ережелері

8.1 Сынақ түрлері

8.1.1 Нақты үлгідегі өрт сөндіру автомобильдер сынақтардың келесі түрлеріне салынады:

а) алдын ала (зауыттық);
б) қабылдау;
в) біліктілік;
г) ұсыну;
д) қабылдау-тапсыру;
е) кезеңділік;
ж) сенімділікке бақылау сынақтары;
и) тұрпаттық;
к) пайдалану;
л) арнайы;
м) сертификаттау.

8.1.2 Өрт сөндіру автомобильдері сынақтарының басқа түрлері дайындаушы-зауытпен және әзірлеушімен әзірленген бағдарлама бойынша дайындаушы-зауытпен ГОСТ 16504 талаптарына сәйкес жүргізіледі.

8.2 *Сынаққа ұсынылатын өрт сөндіру автомобильдеріне қойылатын талаптар*

8.2.1 *Сынаққа ұсынылатын өрт сөндіру автомобильдеріне қойылатын талаптар техникалық түзік, өрт-техникалық қару-жарақпен, арнайы жабдықпен және аспапен дайындаушы-зауыттың нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасымен жиынтықталуы, жанғыш-майлайтын материалдармен қамтылуы және белгіленген тәртіпте бекітілген нақты үлгідегі өрт сөндіру автомобилінің нормативтік техникалық құжаттамасы болуы керек.*

8.2.2 Өрт сөндіру автомобилыне қондыру алдында жинақтаушы бұйымдар мен материалдар ГОСТ 24297 бойынша кіріс бақылаудан өтуге тиіс.

8.3 Алдын ала (зауыт) сынақтары

8.3.1 Алдын ала сынақтар қабылдау сынақтарына тәжірибелі үлгіні ұсыну мүмкіндігін анықтау мақсатында дайындаушы-зауытпен жүргізілуге тиіс.

8.3.2 Егер олар нақты үлгідегі өрт сөндіру автомобилынің техникалық тапсырмасында көрсетілсе, алдын ала сынақтардың бағдарламасы осы стандартта көрсетілген барлық міндетті көрсеткіштерді және сипаттамаларды тексеруді, сондай-ақ басқа талаптарды орындауды бақылауды қамтиды.

8.4 Қабылдау және біліктілік сынақтары

8.4.1 Қабылдау және біліктілік сынақтары әзірлеушімен және дайындаушы-зауытпен жүргізілуге тиіс.

8.4.2 Өрт сөндіру автомобилынің тәжірибелі үлгілерінің қабылдау сынақтары сериялық өндіріске өнімді қою мүмкіндігі туралы сұрақты шешу мақсатында жүргізілуге тиіс, сынақтардың нәтижелерін ресімдеп тисті мемлекеттік бақылау органдар мен басқа мүдделі ұйымдар қатысумен жүргізілуге тиіс.

8.4.3 Өрт сөндіру автомобильдерінің қондырғы серияларының немесе бірінші өнеркәсіптік топтамаларының біліктілік сынақтары берілген көлемде өнімді шығаруға дайындаушы-зауыттың дайындығын анықтау мақсатында жүргізілуге тиіс.

8.5 Ұсынылған сынақтары

8.5.1 Ұсынылған сынақтарды тұтынушыға (тапсырыс берушіге) өнімді қою мүмкіндігін анықтау мақсатында әр өрт сөндіру автомобилы салынады.

8.5.2 Ұсынылған сынақтардың құрамына автомобильді жаттықтыру кіруге тиіс.

Өрт сөндіру автомобилынің және базалық шассидің электркүш қондырғысын жаттықтыру тәртібі нақты үлгіде өрт сөндіру автомобилынің нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасында белгіленген.

8.5.3 Өрт сөндіру автомобилынің ұсынылған сынақтары қамтуға тиіс:

а) өрт жабдықтарының және басқа құрастырушы бірліктерінің монтаждық-құрастырушы жұмыстарын, сырлануын және өнімді әрлеуді бағалаумен сыртқы тексеру, сондай-ақ Өрт сөндіру автомобилынің жиынтықтылығын тексеру;

б) электркүш қондырғысынң және қосымша электр жабдыққалардың жұмысқа қабілеттілігін сынау;

в) прожекторлар бағдарының жарық беруші діңгегі және тетіктері жетегінің жұмыстарын тексеру;

г) (100 ± 5) км кем емес қашықтықтағы жол сынақтары.

ЕСКЕРТПЕ Жол сынақтары дайындаушы-зауытпен таңдалғн бағыт бойынша жамындардың кез келген түрлерімен жолдар бойынша жүргізілуге тиіс.

8.5.4 Өрт сөндіру автомобилынің ең болмаса бір көрсеткіштерінен сынақтардың қанағаттанарлықсыз нәтижелері алынған кезде табылған ақауларды жою үшін қайтарылады.

Қайта сынақтар қанағаттанарлықсыз нәтиже алынған сол көрсеткіш бойынша өткізіледі

Қайта сынақтан өтпеген өрт сөндіру автомобилы ақауланады.

8.5.5 Ұсынылған сынақтар және жаттықтырулар нәтижелері ұсынылған сынақтардың хаттамасымен ресімделеді және өрт сөндіру автомобилынің формулярына енгізіледі.

8.6 Қабылдау-тапсыру сынақтары

8.6.1 Қабылдау-тапсыру сынақтарына тұтынушыға (тапсырыс берушіге) өнімді жеткізу мүмкіндігін анықтау мақсатында әрбір өрт сөндіру автомобилі душар болуға тиіс.

8.6.2 Қабылдау-тапсыру сынақтарына ұсынылған сынақтан өткен әрбір өрт сөндіру автомобилі ұшырайды.

8.6.3 Қабылдау-тапсыру сынақтарына тұтынушы өкілінің (тапсырыс беруші) қатысуымен ұсынылған сынақтардың көлемінде және тізбекте өткізіледі.

ЕСКЕРТПЕ Тұтынушы өкілінің (тапсырма беруші) қалауы бойынша сынақтардың басқа түрлерін жүргізбеседе болады.

8.6.4 Қабылдау-тапсыру сынақтарының нәтижелері қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамасымен ресімделеді және өрт сөндіру автомобильінің формулярына енгізіледі.

8.7 Кезеңділік сынақтар

8.7.1 *Өрт сөндіру автомобилінің кезеңділік сынақтары жылында бір рет өнім сапасының тұрақтылығын бақылау мақсатында жүргізіледі.*

Сынақтарға қабылдау-тапсыру сынақтарынан өткен бір өрт сөндіру автомобилі салынады.

Тұтынушы өкілінің (тапсырыс беруші) және дайындаушы- зауыттың техникалық бақылау қызметтері өкілінің көзінше өнімге іріктеу өткізіледі.

8.7.2 Өрт сөндіру автомобилінің кезеңділік сынақтары мыналарды қамтуға тиіс:

а) қабылдау-тапсыру сынақтары;

б) Өрт сөндіру автомобилінің және оның жабдығының келесі параметрлерін тексеру:

- Өрт сөндіру автомобилінің толық массасын, кг;
- өрт сөндіру автомобилі шассиі қозғалтқышының қуаттары, кВт;
- негізгі қоректену көзінің қуаттары, кВт,;
- жауынгерлік есеп айырысу орындарының сандары (жүргізуші орынын қоса алғанда);
- қорғайтын-ажыратылатын құрылымдардың, оқшаулауды және жерлендіруді бақылау құралдарының бар болуы;
- ТОЖҚҚ саны, дана;
- өртті жылуны шағылыстыратын костюм сандары, дана;
- электр сайман және электр жабдық саны, дана;
- стационарлық прожекторлар саны, дана;
-тасымалды прожекторлар саны, дана;
- стационарлық және тасымалды прожектордың қуаты, кВт;
- жер бетінен стационарлық прожекторлары бар жарықтандыру діңгегін көтеру биіктігі, м;
- жарықтандыру діңгегі жетігінің тұрпаты;
- жарықтандыру діңгегі прожекторларының барғыдлару тәсілі;
- жарықтандыру діңгегінде прожекторлары бұрылысының көлденең және тік бұрышы;
- электромагниттік үйлесімділік;
- кедергіні қорғағыштар;

в) анықтау бойынша сынақтар

- Өрт сөндіру автомобилінің көлденең тұрақтылығының коэффициенті;
- Өрт сөндіру автомобилінің жол саңылауы, мм;

- Өрт сөндіру автомобилінің алдыңғы және артқы салбырау бұрышы, град;
- Өрт сөндіру автомобилі бұрылысының ең төменгі радиусы, м;

г) жолдардың түрлері бойынша жүрісті таратып 100 км кем емес қашықтықтағы полигондық (жол) сынақтары:

- толық емес жетекті шассиі бар өрт сөндіру автомобилі үшін – асфальт және бетон жабындары бар жолдар бойынша 50 км кем емес, және толық жетекті шассиі бар өрт сөндіру автомобилі үшін 40 км кем емес;
- толық емес жетекті шассиі бар өрт сөндіру автомобилі үшін - жұмыр тас жабынды жолдар бойынша 20 км кем емес, толық жетекті шассиі бар өрт сөндіру автомобилі үшін - 30 км кем емес;
- толық емес жетекті шассиі бар немесе толық жетекті шассиі бар өрт сөндіру автомобилі үшін -топырақты жолдар бойынша 30 км кем емес.

8.7.3 Сынақтар нәтижелері өнімді дайындаушы-зауыттың техникалық жетекшісімен бекітілген кезеңділік сынақтардың хаттамасымен ресімделеді және дайындаушы-зауытпен белгіленген мерзім ішінде сақталады, бірақ не кезекті кезеңділік сынақтарға дейін кем емес.

8.7.4 Кезеңділік сынақтардың қанағаттанарлықсыз нәтижелерінде олардың пайда болу себептері өткізіледі және олардың қайталану мүмкіндігін шеттен шығаратын шаралар әзірленеді.

Аяқтаған соң сынақ үлгілерінің саны екі еселенеді және сынақтар толық көлемде қайталанады.

8.7.5 Кезеңділік сынақтарға салынған өнім үлгілері тұтынушыға (тапсырыс берушіге) әнім жеткізілмейді.

8.8 Сенімділікке бақылау сынақтар

8.8.1 Егер өрт сөндіру автомобильіндердің шығарылымы сенімділікке сынақтарды жүргізу үшін қажетті өрт сөндіру автомобильіндердің санынан 10 рет кем емес асқан жағдайда, сенімділікке бақылау сынақтар дайындаушы-зауытта өткізіледі.

Сенімділікке сынауларда шығарылатын өнімнің барынша аз мөлшерінде бақылаулы пайдаланымда болған өрт сөндіру автомобильіндер салынады.

Бақылаулы пайдаланым нәтижелері бойынша игерілген ақаулардың себептерін жою бойынша шаралар жүзеге асырылуы керек.

8.8.2 Сенімділікке бақылау сынақтар сенімділік көрсеткіштерін растау үшін үш жылда бір реттен сирек кем емес өткізіледі.

8.9 Тұрпаттық сынақтар

8.9.1 Тұрпаттық сынақтар нақты үлгідегі өрт сөндіру автомобилінің құрылымына өзгерістерді енгізу тиімділігін және мақсатқа сайлығын бағалау мақсатында жүргізіледі.

8.9.2 Бір үлгідегі сынақтардың бағдарламасы енгізілген өзгерістер ықпал тигізе алатын сол сипаттамаларды және параметрлерді тексеруді қамтуға тиісті.

Бағдарламада сынақтарды жүргізу үшін қажетті өрт сөндіру автомобилиндердің саны көрсетілген болуға тиіс, сондай-ақ тұрпаттық сынақтарға салынған өнімді бұдан әрі қарай қолданудың мақсатқа сайлығын тексеру көзделген.

8.9.3 Бір үлгідегі сынақтардың бағдарламасын дайындаушы-зауыт әзірлейді және өнімді әзірлеушімен және негізгі тұтынушымен (тапсырма берушімен) келісіледі.

8.9.4 Бір үлгідегі сынақтардың нәтижелері өзгерістерді енгізудің мақсатқа сайлығы туралы хаттамамен ресімделеді.

8.10 Пайдалану сынақтары

8.10.1 Пайдалану сынақтары өрт сөндіру автомобильдерінің барлық жаңа үлгілері үшін өткізіледі.

8.10.2 Өрт сөндіру қызметінің базалық гарнизондары, пайдалану сынақтарын жүргізу бағдарламасы қабылдау тапсыру сынақтарды жүргізу кезінде белгіленуі керек.

Пайдалану сынақтары жүргізілетін өрт сөндіретін қызметтің базалық гарнизондары негізгі тұтынушымен (тапсырыс берушімен) үйлесімді болуға тиіс.

8.10.3 Өнімді әзірлеуші пайдалану сынақтарын өткізу бағдарламасын дайындауға тиіс және нақты үлгідегі өрт сөндіру автомобилінің нормативтік техникалық құжаттамасымен бірге қабылдау сынақтарына оларды ұсыну керек.

8.11 Арнайы сынақтар

8.11.1.Арнайы сынақтар (климаттық, электромагниттік үйлесімділік және басқалар) техникалық тапсырмада белгіленген пайдалану және (немесе) жедел қолдану шарттарына Өрт сөндіру автомобилінің функционалдық сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізіледі.

8.11.2 Арнайы сынақтар белгіленген бағдарламаға және сынақтар әдістемесіне сәйкес негізгі тұтынушының (тапсырыс берушінің) шешімі бойынша жүргізіледі.

8.12 Сертификаттау сынақтары

8.12.1 Өрт сөндіру автомобильдерінің сертификаттау сынақтарын «Автокөлік құралдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар», «Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасы қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенттерінің *талаптарына өрт сөндіру автомобилінің сәйкестігін анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінде аккредиттелген меншік түріне тәуелсіз сәйкестікті растау органдары және сынау орталықтары (зертханалары)жүргізуге тиіс.*

8.12.2 Өрт сөндіру автомобильдерін сертификаттау сынақтарын өткізу көлемі В қосымшасына сәйкес қабылданады.

8.12.3 Сынақтар нәтижелері сертификаттау сынақтарының хаттамасымен ресімделеді.

9 Сынақ әдістері

9.1 Сынақ шарттары

9.1.1 Сынақ үшін ұсынылған өрт сөндіру автомобилі «Автокөлік құралдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар», «Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасы қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенттерінің, осы стандарттың талаптарына, нақты үлгідегі өрт сөндіру автомобилінің нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасына сәйкес дайындалуы керек.

Қозғалтқыш, трансмиссия және шиналар дайындаушы-зауыттың нормативтік техникалық құжаттамасына сәйкес сынақтан өтуі керек.

9.1.2 Сынақтарды өткізу кезеңінде өрт сөндіру автомобилін пайдалану белгіленген тәртіпте бекітілген нақты үлгідегі өрт сөндіру автомобилінің нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасы талаптарына сәйкес жүргізілуге тиіс.

Полигонды (жол) сынақтары кезеңінде өрт сөндіру автомобилінің техникалық күйі ҚР СТ ГОСТ Р 51709 және ҚР СТ 1811 *талаптарына сәйкес келуге тиіс.*

9.1.3 Егер белгіленген тәртіпте бекітілген нақты үлгідегі өрт сөндіру автомобилінің нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасы талаптарында келісілмесе, сынақтар ГОСТ 15150-69 (3.15 тармақты қараңыз) талаптарына сәйкес нормалы климаттық шарттарда жүргізілуге тиіс.

Өрт сөндіру автомобильінің отыны, майлары және арнайы сұйықтары сынақтарды өткізудің климаттық шарттарына сәйкес келуге тиіс.

9.1.4 Осы стандарттың, нормативтік және нормативтік техникалық құжаттаманың талаптарымен, сондай-ақ әдістемемен немесе сынақтар бағдарламасымен көзделмеген сыналатын өрт сөндіру автомобильінің жиынтықтылығын өзгерту және қосымша дайындауға рұқсат етілмейді.

9.1.5 *Сынақтар кезінде өрт сөндіру автомобилінің сақтау шартары оның техникалық жағдайына, жиынтықтылығына және реттелуіне санкцияланбаған әсерінің мүмкіндігін шеттен шығаруға тиіс.*

9.2 *Сынақтар құралдары*

9.2.1 *Сынақтар кезінде қолданылатын өлшеу құралдарында* ҚР СТ 2.21 *сәйкес тұрпатты бекіту туралы сертификаты немесе* ҚР СТ 2.30 сәйкес *метрологиялық аттестаттауы болуы керек, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесінің тізілімінде тіркелуі және (немесе)* ҚР СТ 2.4 сәйкес *салыстырып тексерілуі керек.*

9.2.2 *Нормаланған сыртқы әсер ететін факторларды және (немесе) жүктемені қайталайтын сынақ жабдығы* ҚР СТ 2.75 *талаптарына сәйкес аттестталуы керек.*

9.2.3 *Сынақтарды жүргізу үшін нормаланған сыртқы әсер ететін факторларды және (немесе) жүктемені қайталайтын, 9.2.1 және 9.2.2 талаптарына сәйкес, осыстандартта берілмеген өлшеу құралдарын қолдануға болады.*

9.3 Сынақтарды жнргізу

9.3.1 *Автомобильдерді іріктеу және қабылдау*

9.3.1.1 *Сынақ үшін өрт сөндіру автомобилын іріктеу кездейсоқ әдісімен* ГОСТ 18321 *бойынша сынақ жүргізетін ұйымдар өкілдерімен, және дайындаушы –зауыттың техникалық бақылауымен қабылданған ағымдағы тоқсанда шығарылған және сынаққа кез келген арнайы дайындыққа салынбаған дайын өнімнің тұтынушысымен (тапсырыс берушісі) жүргізіледі.*

9.3.1.2 *Іріктеуден кейін нормативтік және нормативтік техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкестігіне, сондай-ақ зауыттық кестешелер, таңбалар мен пломбылардың болуына өрт сөндіру автомобилынің жиынтықтылығы тексеріледі.*

9.3.2 Сыртқы қарау, жиынтықтылық, жинау сапасын тексеру, реттеу және әрлеу

9.3.2.1 Сынақтарды жүргізу

Өрт сөндіру автомобилын сыртқы тексеру, жинау, құрастыру, реттеу және өңдеуді түйіндерді және агрегаттарды алмай және бөлшектемей көзбен шолып бақылаумен жүргізіледі және нақты үлгідегі өрт сөндіру автомобилынің нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасымен салыстырады.

Сыртқы қарауға өрт сөндіру автомобилінің барлық құрамдық бөліктері салынады (жеке құрамды жайғастыру салоны, бөліктер, орындықтар, тірек тұтқалары, есіктер, құлыптар, өрт сөндіру автомобилын төбеге көтеруге арналған сатылар), сондай-ақ арнайы жабдықтардың болуы, орналастыру және бекіту.

Тікелей тексеру әдісімен тексеріледі:

а) Өрт сөндіру автомобилінің жиынтықтылығы, оның жабдығы, аппаратуралар, құрал-саймандар және аспаптар;

б) қызмет көрсету және жөндеу кезінде агрегаттарға және жабдыққа рұқсаттың ыңғайлылығы және қауіпсіздігі;

в) кабель өнімі бар ЭКҚ және жетектің қосымша трансмиссиясы;

г) енжар қауіпсіздік талаптары орындалуы (үшкір шеттердің болуы, шығыңқы жерлердің және т.б. болуы);

д) өрт-техникалық қарудың, арнайы жабдықтың және аспаптың болуы, орналастырылуы, алу және қондыру ыңғайлығы;

е) қуатты іріктеу қорабын, тіркесуді, ЭКҚ және жарықтандыру діңгегімен басқару ыңғайлылығы;

ж) өрт қауіпсіздіктерінің, өрт сөндіру автомобилінің электр қауіпсіздіктерінің талаптары орындалуы;

и) бөлшектердің, пісіру жіктерінің, сырлаудың, тығыздаудың орындалу сапасы, көрінетін бұзықтардың (майысқан жерлер, жарықтар, тоттардың) болуы, майлайтын сұйықтардың ағыстарының болуы (тамшылардың болуы), отынның, мұздатқыш, тежегіш немесе басқа арнайы сұйықтардың болуы.

к) өрт сөндіру автомобилінің түсграфикалық сұлбасының ҚР СТ 1863 талаптарына сәйкестігі;

л) барынша жүктеме кезінде штаттық және қосымша электр жабдықкалардың жұмысы, сондай-ақ сигналдық құрылымдарда және дауыс зорайтқыш байланыста;

м) тәуліктің қараңғы уақытында өрт сөндіру автомобилінің қауіпсіздігі және қолайлығы;

н) агрегаттарда және өрт сөндіру автомобильдерінде техникалық бақылаудың қабылдау белгілерінің болуы, сондай-ақ спидометрде, карбюраторда, және құралдар қалқандарында пломбылардың болуы.

Қозғалтқыштарды, басқару органдарын, ЭКҚ және жарықтандыру діңгегін көтеру механизмін тыңдау жолымен агрегаттардың және жабдықтың жұмысқа қабілеттілігіне сынақ жүргізіледі.

9.3.2.2 *Сынақтар нәтижелері*

Өрт сөндіру автомобилі сынақтан өтті деп саналады, егер жинау сапасын көбен шолып бақылаудан кейін, өрт сөндіру автомобилінің негізгі бөліктерінің және жабдығының болуы 5.1.1, 5.1.4, 5.1.6, 5.1.7, 5.1.13, 5.2.4, 2.2.5, 5.2.8, 5.2.10 - 5.2.12, 5.2.14, 5.2.16, 5.2.19, 5.2.22, 5.3.1 - 5.3.3, 5.3.10, 5.4.1 - 5.4.3, 5.4.5, 5.5.6, 5.4.9 - 5.4.15, 5.4.20 - 5.4.22, 5.13, 5.14 және 5.15 талаптарына, сондай-ақ нақты үлгідегі Өрт сөндіру автомобилінің нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасына сәйкес.

9.3.3 Масса кәрсеткіштерін анықтау бойынша сынақтар

9.3.3.1 *Сынақ құралдары:*

а) *ГОСТ 29329 бойынша орташа дәлдік класының автомобиль таразылары;*

б) *жеке құрам массасының еліктеу балласты.*

ЕСКЕРТПЕ Таразылардың өлшемдері және жүк көтерімділігі барлық дөңгелектермен бір уақытта, сондай-ақ бір ості, екі сабақтас ості және бір ернеулі дөңгелектермен қондыруға болады.

9.3.3.2 Сынақтарға дайындық

Сынақтар алдында өрт сөндіру автомобилі:

а) техникалық дұрыс күйде және кірден тазаланған;

б) нақты үлгідегі өрт сөндіру автомобилінің нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасына сәйкес өрт-техникалық қару-жарақпен, арнайы жабдықпен және аспаппен толық жиынтықталған;

в) жанғыш-майлаушы материалдармен толық қамтылған болуға тиіс.

Шиналардағы ауаның қысымы базалық шассиді пайдалану бойынша нұсқаулықтарға сәйкес келуге тиіс.

Дербес құрамның массасын адамға 85 кг есебінен балластпен дәл келтіру рұқсат етіледі, сонымен 85 % жүкті орындықтарда және 15 % жүкті кабина еденінде және салонда жайғастыру керек.

9.3.3.3 Сынақтарды жүргізу

Сынақтарда анықталады:

а) Өрт сөндіру автомобилінің толық массасы;

б) оң және сол жиекке толық массаларды бөлу.

Өрт сөндіру автомобилінің толық массасын анықтау бойынша сынақтарды жұмыс істемейтін қозғалтқышта, шегіндірілген тежелу, өшірілген берілісте, блоксыздандырылған көпірлерде, кабинаның, шанақтың және салонның жабық есіктерінде өткізіледі.

Толық масса анықтау бойынша сынақтар екі жақтан таразыға Өрт сөндіру автомобилінің кіруі кезінде өлшеумен жүзеге асырылады. Толық массаны екі өлшеудің орташа арифметикалық нәтижелері ретінде анықталады.

Алдыңғы және артқы доңғалақтардың өстерінде жүктемелерді бөлу екі жақтан таразыға кіруде өлшеумен жүзеге асырылады. Өрт сөндіру автомобилін мүмкіндігінше таразылардың орташа платформасына жақын алдыңғы және артқы өсті доңғалақтармен таразыға қондырады. Алдыңғы және артқы доңғалақтар өсіне жүктеме екі өлшеудің орташа арифметикалық нәтижелері ретінде анықталады. Алдыңғы және артқы доңғалақтар өсіне жүктеме өрт сөндіру автомобилінің толық массасына сәйкес болуға тиіс.

Ернеілері бойынша өрт сөндіру автомобилінің толық массаларының тралуы кезекпен оң және сол ернеумен екі жақтан таразыларға кіруде өлшеумен жүзеге асырылыда. Жиектер бойынша жүктеме екі өлшеудің орташа арифметикалық нәтижелері ретінде анықталады, сонымен жүктеме толық салмақтан өзі арасында ± 1% көп емес, ал олардың сомасы Өрт сөндіру автомобилінің толық массасына тең болуға тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Платформаға өрт сөндіру автомобилі кіруде және таразыдан түсуде) тоқтатылған(блокталған) болуға тиіс.

9.3.3.4 Сынақтар нәтижелері

егер:

а) анықталатын көрсеткіштердің мәндері базалық шассидің дайындаушы-зауытының нормативтік және техникалық құжаттамасынаі сәйкес болса;

б) *алынған мәндер 5.1.2 талаптарына сәйкес болса, өрт сөндіру автомобилі сынақтан өтті деп саналады.*

9.3.4 Геометриялық параметрлерді анықтау бойынша сынақтар

9.3.4.1 *Сынау құралдары:*

а) *бөлу бағасы 1 мм ГОСТ 427 бойынша металл сызғыш;*

б) *бөлу бағасы 1 мм ГОСТ 7502бойынша металл рулетка;*

в)*бөлу бағасы 1 °, ГОСТ 5378 бойынша бұрыш өлшегіш;*

г) *өлшемі 40 мм ×40 мм × 4000 мм ағаш тақтайша.*

9.3.4.2 Сынақтарды әзірлеу

Өрт сөндіру автомобилінің толық массасы болуға тиіс, ал биіктікті өлшеу кезінде жарақталған күйінде болуға тиіс.

Шиналарда ауаның қысымы шасси базалық шассидің пайдалану нұсқаулықтарына сәйкес келуге тиіс.

Шиналардың тозуы 30% көп емес болуға тиіс.

9.3.4.3 Сынақтарды жүргізу

Өрт сөндіру автомобилінің және оның құрама бөліктерінің негізгі өлшемдерін анықтау бойынша сынақтар ГОСТ 22748 талаптарына сәйкес әдістеме бойынша тегіс көлденең алаңда өткізіледі.

Өлшемдерді бақылау рулетка және сызғыш көмегімен жүзеге асырылады. Өлшеу кезінде шеткі нүктелер тіктеуіш және ағаш тақтайша көмегімен анықталады.

Сынауларда келесі геометриялық параметрлер анықталады:

а) Өрт сөндіру автомобилінің габариттік өлшемдері (ұзындығы,ені, биіктігі);

б) жол саңылауы;

в) салбыратудың алдыңғы және артқы бұрыштары;

г) дербес құрам үшін салонның және орындықтардың өлшемдері, табандардың орналасу биіктігі.

9.3.4.4 Сынақтар нәтижелері

Егер өлшенетін геометриялық параметрлердің мәндері 5.1.3, 5.1.10, 5.1.12, 5.2.21, 5.3.4, 5.3.5, 5.3.8, 5.3.9, 5.4.7, 5.4.8, 5.4.16, 5.4.19, 5.4.22, 5.7.5, 5.9.10 5.9.11 талаптарына, сондай-ақ нақты үлгідегі өрт сөндіру автомобилінің нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасына сәйкес келсе, өрт сөндіру автомобилі сынақтан өтті деп саналады.

9.3.5 *Үлесті қуатты анықтау бойынша сынақтар*

9.3.5.1 *Сынақтар құралдары* :

а) *ГОСТ 29329 бойынша дәлдіктің орташа класының автомобиль таразылары;*

б) жеке құрам массасының имитациясына арналған балласт.

9.3.5.2 Сынақтарды жүргізу

Өрт сөндіру автомобилінің үлесті қуаты шассидің нақты үлгісіне, 9.3.3 бойынша сынақтар әдісіне сәйкес анықталған өрт сөндіру автомобилінің толық салмағына нормативтік және техникалық құжаттасында белгіленген базалық шасси қозғалтқышының номиналды қуаттарының қатынасы ретінде есептеумен анықталады,

9.3.5.3 *Сынақтар нәтижелері*

Өрт сөндіру автомобилі, егер үлесті қуаттар шамасы 5.1.5 талаптарына сәйкес келсе, сынақтардан өтті деп саналады.

9.3.6 Кәлденең тұрақтылық бұрышын анықтау бойынша сынақтар

9.3.6.1 *Сынақ әдістері:*

а) *өрт сөндіретін автокөбіккөтіергіштің тиісті жүк көтергіштігі және өлшемі бар платформамен аудару стенді;*

б) *биіктігі 20 мм ден 22 мм дейін тіректі біліктер;*

в) өлшем қателігі (0,10± 05) м/с көп емес ГОСТ 6376бойынша анемометрге;

г) бөлу бағасы 1° ГОСТ 5378бойынша бұрыш өлшегіш,;

9.3.6.2 Сынақтарға дайындау

Сынақтарды жабық бөлмеде, сондай-ақ ашық ауада өткізуге рұқсат етіледі. Ашық ауада сынау кезінде желдің жылдамдығы 5 м/с көп емес болуға тиіс. Платформалар беті құрғақ, ластан және мұздан тазаланған болуға тиіс.

Көлденең тұрақтылық бұрышы өрт сөндіру автомобилінің тиісті жүк көтерімділігімен және өлшемімен платформасы бар аударылу стендінде анықталуға тиіс.

Платформа көлденең жазықтықта көлбеу бұрышты қамтамасыз етуге тиіс, онда сыналатын өрт сөндіру автомобилі орнықтылығын жоғалтады, бірақ 30° кем емес.

Стенд платформасында орнықтылықтарды жоғалту сәтін беркітуге мүмкіндік беретін құрылғылар (платформа бетінен доңғалақтардың жұлынуы) болуға тиіс және сол уақытта Өрт сөндіру автомобилінің ары қарай аударылуына жол бермеу керек.

Сынақтарға 9.3.3 бойынша нақтыланған толық массада техникалық дұрыс өрт сөндіру автомобилі дүшар болады.

Жанармай бактарының және басқа сыйымдылықтардың суарма қылталары герметикалық жабылған болуға тиіс.

Шиналардағы қысым белгіленген тәртіпте бекітілген нақты үлгідегі шассидің нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Жеке құрамның массасын бір адамға 85 кг есебінен балластпен дәл келтіру рұқсат етіледі,ондайда 85 % жүк орындықтарда және 15 % жүк кабина еденінде және салонда жайластырылады.

9.3.6.3 Сынақтарды жүргізу

Өрт сөндіру автомобилінің өте жүктелген ернеуі стендтің айналу өсінің қарама–қарсы жағынан орналасатындай, ал оның бойлай осі және стендтің айналу осі ± 1,5° ауытқумен қосарлас болатындай, өрт сөндіру автомобилі стенд платформасында орнатылады.

Сынақ кезінде тұрақ тежегіші және төменгі беріліс қосылған болуға тиіс.

Аударылудан болатын доңғалақтардан іргесінде биіктігі 20 мм ден 22 мм дейін тірек біліктер қондырылады.

Өрт сөндіру автомобилінің көлденең орнықтылық бұрыштарын өлшеу екі жағынан жүргізіледі.

Платформаның көлбеу бұрышын үлкейту өрт сөндіру автомобилінің доңғалақтарының бірі платформадан «жұлынғанша» ақырын өндіріледі. Сынақтар нәтижелері платформаның көлбеу бұрышының мәндері қатарынан үш рет ± 1° көп емес айырмашылығы болғанша қайталанады.

Бағалау көрсеткіші ретінде оң және сол жаққа өрт сөндіру автомобилін аудар кезінде өлшемдер нәтижесінде беркітілетін ең төменгі бұрыштың мәні қабылданады.

9.3.6.4 Сынақтар нәтижелері

Егер көлденең орнықтылық бұрышының мәні 5.1.11 талаптарына сәйкес келсе, өрт сөндіру автомобилі сынақтан өтті деп саналады.

9.3.7 Электркнш қондырғысының жұмысқа қабілеттілігін және оның негізгі параметрлерін анықтау бойынша сынақтар

9.3.7.1 Сынақ құралдары :

а) *дәлдік класы 1,5, ГОСТ 112 бойынша сынап термометрі;*

б) *дәлдік класы 0,2, ГОСТ 8711бойынша амперметр және вольтметр;*

в) *өлшем дәлдігі 0,1 дейін және шекті салыстырмалы қателігі 3 % көп емес секундомер*

ЕСКЕРТПЕ *Сынақтарды өткізу мерзімінде қозғалтқыш жұмысының тәртібін бақылау құралдарын, жетек білігінің айналу жиілігін, салқындату жүйесінде сұйықтар температурасын, май қысымын және нақты үлгідегі өрт сөндіру автомобилінің басқа құралдарын қолдануға болады.*

9.3.7.2 *Сынақтарға дайындық*

ЭКҚ параметрлерін анықтау бойынша сынақтар жетекті жаттықтырудан және қуатті іріктеу қорабынан кейін қауіпсіздік талаптарын сақтап жүргізілуге тиіс.

ЭКҚ параметрлерін әрбір (20,0 ± 0,5) мин тіркеу аралығымен үздіксіз жұмысында (6,0 ± 0,1) ч ішінде бақылау керек.

9.3.7.3 Сынақтарды жүргізу

Базалық шасси қозғалтқышы іске қосылады және оның пайдалану нұсқаулығына сәйкес жұмыс тәртібіне өрт сөндіру автомобилінің негізгі қоректену көзі шығарылады.

Электр энергиясының тұрақты және тасымалды қабылдағыштарымен бір уақытта тұтынылатын жиынтық қуаты ЭКҚ негізгі қоректену көзінің номиналды қуаттары 90 % көп емес болуға тиіс.

ЭКҚ жұмысқа қабілеттілігін анықтау бойынша сынақтарды өткізуде келесі негізгі параметрлер бақыланады:

а) барлық тұтынушыларды қосу кезінде сызықтардың ұштарындағы кернеу;

б) негізгі қоректену көзіндегі кернеу, тоқ жиілігі, тоқ күші;

в) базалық шассидің қозғалтқышын салқындату жүйесіндегі су температурасы;

г) беріліс қорабындағы және қуаттарды іріктеу қорабындағы майлардың температурасы;

д) негізгі қоректену көзі корпусының қыздыру температурасы;

е) базалық шасси қозғалтқышын майлау жүйесіндегі майлардың қысымы.

9.3.7.4 *Сынақ нәтижелері*

Егер сынақтардың нәтижелері 5.5.1.1 –5.5.1.10, 5.5.1.12, 5.5.1.13, 5.5.2.1 –5.5.2.9, 5.5.4.1 –5.5.4.5 талаптарына сәйкес келсе, өрт сөндіру автомобилының электркүш қондырғысын сынақтан өтті деп саналады.

9.3.8 Электркүш қондырғысының негізгі қоректену көзінің жұмысқа қабілеттілігін анықтау бойынша сынақтар

9.3.8.1 *Сынақ құралдары :*

а) *дәлдік класы 1,5, ГОСТ 112 бойынша сынап термометрі;*

б) *дәлдік класы 0,2,* ГОСТ 8476 бойынша *ваттметр;*

в) *дәлдік класы 0,2, ГОСТ 8711 бойынша амперметр және вольтметр;*

г) *өлшем дәлдігі 0,1 дейін және шекті салыстырмалы қателігі 3 % көп емес секундомер*

9.3.8.2 Сынақтарды жүргізу

Өрт сөндіру автомобилының ЭҚҚ негізгі қоректену көзін қосады және номиналды тәртіпте үздіксіз алты сағат жұмыс тәртібінде ол пайдаланылады.

Негізгі коректену көзі роторының айналым жиіліктерінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін автоматты реттеуіштің жұмысқа қабілеттілігі номиналды қуаттың 10% дан 100% дейін аралығында тұтынушылар желілерінде жүктемені өзгерту жолымен анықталады (оның ішінде және негізгі қоректену көзінің бос жүрісі тәртібінде).

Негізгі қоректену көзіне жүктеме адымы 1,5 кВт дан 3 кВт дейін дискретті қосылуға тиіс.

Тоқтар және кернеулер жиіліктерінің көрсеткіші бақыланады.

Жалпы және жергілікті жарықтандыру, жарық таблосы, маяктар, желдеткіштер және жұмыс орындарындағы розеткалар, арнайы дыбыстық сигналдар және шығарылатын прожекторлар, сондай-ақ фара-іздеушілер жататын қосымша электр жабдықтың жұмысқа қабілеттілігі тиісті элементті үш мәрте қосу және сөндіру жолымен анықталады.

9.3.8.3 *Сынақтар нәтижелері*

Өрт сөндіру автомобилының электркүш қондырғысының негізгі қоректену көзі сынақтан өтті деп саналады, егер:

а) сынақтар процесінде бақыланатын тоқтың және кернеудің жиілігі нақты үлгідегі Өрт сөндіру автомобилінің нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасына сәйкес;

б) қосылған және айырылған жүктемеде тоқ жиілігі номиналды жиіліктен 8% көп емес айырмашылығы болады;

в) *сынақтар нәтижелері 5.5.3.1 –5.5.3.17, 5.5.5.1 –5.5.5.48, 5.6.1 –5.6.6 талаптарына сәйкес.*

9.3.9 Кабелдік катушкалардың және тармақтаушы қораптардың жұмысқа қабілеттілігін анықтау бойынша сынақтар

9.3.9.1 Сынақтарды жүргізу

Кабелдік катушкалардың және тармақтаушы қораптардың жұмысқа қабілеттілігін анықтау бойынша сынақтарды ЭҚҚ шығаратын қалқанына электр энергиялардың штаттық тұтынушылары арқылы қосу жолымен (түтінтартқыштар, алып шығаратын прожекторлар және басқалар) жүргізілуге тиіс.

Сынауларға өткізу кезеңінде тармақтаушы қорапта кернеу бар болу туралы хабарлайтын жарықтық сигналдаудың жұмысқа қабілеттілігі бақыланады, розеткаларда бұқтырмалардың бар болуы, кабелдік катушкаға күш беретін кабелді орауы және жазу ыңғайлығы немесе ажырату сенімділігі көзбен шолып анықталады.

9.3.9.2 *Сынақтар нәтижелері*

5.7.1 Егер нәтижелер 5.7.4, 5.7.6, 5.7.8 талаптарына сәйкес келсе, өрт сөндіру автомобильінің электркүш қондырғыларының кабельдік катушкалары және тармақтаушы қораптары сынақтан өтті деп саналады.

9.3.10 Электр жабдықтың қҧрылымын қорғау дәрежесін анықтау бойынша сынақтар

9.3.10.1 Сынау құралдары ГОСТ 14254 бойынша.

9.3.10.2 Сынақтарды жүргізу

Өрт сөндіру автомобильінің электр жабдығының құрылымдарын қорғау нәтижесін анықтау бойынша сынақтар (ЭКҚ, электр энергиясының тасымалды қабылдағыштары, жарық беруші діңгек прожекторлары), ГОСТ 14254 талаптарына сәйкес жүргізіледі.

9.3.10.3 Сынақтар нәтижелері

Егер нәтижелер 5.7.7, 5.8.5 және 6.3 талаптарына сәйкес келсе, Өрт сөндіру автомобильінің электр жабдығы сынақтан өтті деп саналады.

9.3.11 Жерлендіру қҧрылғысының жҧмысқа қабілеттілігін анықтау бойынша сынақтар

9.3.11.1 Сынау құралдары ҚР СТ ГОСТ Р 51853 бойынша.

9.3.11.2 Сынақтарды жүргізу

Сынақтарды өткізу жерлендіру құрылғысының құрылым түрін және өлшемдерін, қысқыштың бекіту тетігін, жабын сапасын, сондай-ақ аумалы-төкпелі кедергілер мәнін анықтайды.

Жерлендіру құрылғысының электр кедергісін анықтау бойынша сынақтар кедергі көпірі көмегімен «Р-333» ҚР СТ ГОСТ Р 51853 талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Жерлендіретін құрылғылардың жұмысы оны сазды немесе құмды жерге қағу жолымен 120 реттен кем емес анықталады.

9.3.11.3 *Сынақтар нәтижелері*

Егер сынақтар нәтижелері 6.5 талаптарға сәйкес келсе, өрт сөндіру автомобильінің жерлендіру құрылғысы сынақтан өтті деп саналады.

9.3.12 Салон (кабина) жиһазының жҧмысқа қабілеттілігін анықтау бойынша сынақтар

9.3.12.1 *Сынақтар құралдары:*

а) *дәлдік класы 1,5, ГОСТ 112 бойынша сынап термометрі;*

б) *өлшем дәлдігі 0,1 дейін және шекті салыстырмалы қателігі 3 % көп емес секундомер;*

в) *бөлу бағасы 1 мм ГОСТ 7502 бойынша металл рулетка.*

9.3.12.2 *Сынақтарды жүргізу*

Жылыту жүйесінің жұмысқа қабілеттілігін анықтау бойынша сынақтар нақты үлгідегі Өрт сөндіру автомобильінің нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасында белгіленген пайдалану шектеріне және шекті жұмыс температураларына байланысты минус 10 °С тан 40 °С дейін қоршаған ауа температурасында жүргізіледі.

Сынақтар келесі тізбекте өткізіледі:

а) қоршаған ауаның температурасы анықталады;

б) терезе, есіктер, желдету люктерін жабады және салонда ауаның температурасын беркітеді;

в) *қозғалтқыш іске қосылады және жылдамдылығы 50 км/с нан 70 км/с дейінгі шектерде өрт сөндіру автомобильінің қозғалысын бастайды;*

г) *салонның жылыту жүйесін қосады;*

д) *салонның жылыту жүйелерінің жылытқыш элементтерінің жұмысқа қабілеттілігін анықтайды;*

е) еденнен 1,4 м кем емес биіктікте 15 °С кем емес температураға дейін салонның жылыту уақытын анықтайды;

ЕСКЕРТПЕ Салондағы көрсетілген температура Өрт сөндіру автомобилінің қозғалысы басталғансоң 30 минуттан көп емес белгіленуге тиіс және тұрақты жұмыста қолданылады.

9.3.12.3 *Сынақтар нәтижелері*

Егер сынақтар нәтижелері 5.2.13, 5.4.17 – 5.4.19 талаптарына сәйкес болса, өрт сөндіру автомобилі салонының жылыту жүйесі сынақтан өтті деп саналады.

9.3.13 Ішкі шуды анықтау бойынша сынақтар

9.3.13.1 *Сынақтар құралдары :*

а) *ГОСТ 17187 бойынша бірінші классты шу өлшегіш;*

б) *шәкіл бойынша ең көп мәннің ± 2,5 % көп емес келтірілген қателікпен 0 айн./мин тан 6000 айн./мин дейінгі ауқымда қозғалтқыштың ішкі білігі айналымының жиілігін өлшеу үшін тахометр. Тахометрді қосу мүмкіндігінше жоқ кезінде қозғалтқыштың ішкі білігі айналымының жиілігін өлшейтін автомобильдің штаттық құралын қолдануға рұқсат етіледі;*

в) *бөлу бағасы 1 мм, ГОСТ 7502 бойынша металл рулетка.*

9.3.13.2 Сынақтарға дайындық

Шудың ішкі деңгейін анықтау бойынша сынақтар Өрт сөндіру автомобилінің салонында өткізіледі.

Сынақтарды өткізу алдында өрт сөндіру автомобилі сынақ алаңында орналастырылады.

Қозғалтқыш басылады және тұрақты тежегіш жүйе көмегімен өрт сөндіру автомобилін тежейді.

Берілісті ауыстырып қосу тетігі бейтарап жағдайға орнатылады. Өрт сөндіру автомобилінің бастаушы көпірлердің доңғалақтары астына шегінуге қарсы тіреулерді қояды.

Пайдалану нұсқаулығына сәйкес тахометрді және шу өлшегішті қондырады.

Өрт сөндіру автомобилінің салонында екі адам болуға тиіс: жүргізуші және сынақшы.

Төбедегі терезені, есіктерді, желдету люктерін өлшеу кезінде жабылған болуға тиіс.

Шу өлшегіштің микрофоны (1,20 ± 0,05) м биіктікте салонда және электркүш қондырғысының негізгі қоректену көзінің құралдар панелінен (0, 5 ± 0, 01) м қашықтықта орнатылады және шу көзінің бағытында бағдарлайды.

Өрт сөндіру автомобилі салонының қабырғаларынан немесе өлшеу жүргізетін тұлғалардан шу өлшегіш микрофонның қашықтығы 0,15 м кем емес болуға тиіс.

9.3.13.3 *Сынақтарды жүргізу*

Өрт сөндіру автомобилінің электркүш қондырғысының негізгі қоректену көзінің жетегі және қозғалтқышы қуаттан 90 % кем емес пайдалану тәртібінде іске қосылады.

9.3.13.4 *Сынақтар нәтижелері*

Егер ішкі шу деңгейі 7.1 талаптарына сәйкес болса, өрт сөндіру автомобилі сынақтан өтті деп саналады.

9.3.14 Сыртқы шуды анықтау бойынша сынақтар

9.3.14.1 *Сынақтар құралдары:*

а) *бірінші класты шуөлшегіш* ГОСТ 17187 бойынша;

б) *шәкіл бойынша ең көп мәннің ± 2,5 % көп емес келтірілген қателікпен 0 айн./мин тан 6000 айн./мин дейінгі ауқымда қозғалтқыштың ішкі білігі айналымының жиілігін өлшеу үшін тахометр. Тахометрді қосу мүмкіндігінше жоқ кезінде қозғалтқыштың ішкі білігі айналымының жиілігін өлшейтін автомобильдің штаттық құралын қолдануға рұқсат етіледі;*

в) *бөлу бағасы 1 мм, ГОСТ 7502 бойынша металл рулетка.*

9.3.14.2 *Сынақтарға дайындық*

Шудың сыртқы деңгейін анықтау бойынша сынақтар екі тәртіпте жүргізіледі:

а) *Өрт сөндіру автомобилінің қозғалысы кезінде;*

б) *электркүш қондырғысының негізгі қоректену көзінің жұмысында стационарлық.*

Пайдалану нұсқаулығына сәйкес тахометрді және шу өлшегішті қондырады.

Шу өлшегіштің микрофоны (1,70 ± 0,1) м биіктікте және салон есігі ойығынан (0,2 ± 0,01) м қашықтықта қондырылады.

9.3.14.3 Сынақтарды жүргізу

Өрт сөндіру автомобилінің қозғалысындағы сыртқы шу келесі тізбекте анықталады:

а) *салонда терезелер, есіктер және желдету люгы жабылады;*

б) *қозғаушы іске қосылады және 70 км/с нан 90 км/с дейінгі шектердегі жылдамдықпен асфальтобетон жабынымен тегіс бет бойынша Өрт сөндіру автомобилінің қозғалысы басталады;*

в) *шу өлшегіш көрсеткіштері беркітіледі.*

Электркүш қондырғының негізгі қоректену көзінің тұрақты жұмысындағы сыртқы шу келесі тізбекте анықталады:

а) *өрт сөндіру автомобилі сынақ алаңшасында қимылсыз орналастырылады;*

б) *қозғалтқыш басылады және тұрақ тежегіш жүйе көмегімен өрт сөндіру автомобилі тежеледі;*

в) *Өрт сөндіру автомобилінің бастаушы көпірлерінің доңғалақтарының астына шегінуге қарсы тіреулер салынады;*

г) *Өрт сөндіру автомобилінің электркүш қондырғысының негізгі қоректену көзі және қозғалтқышы қуаттан 90 % кем емес пайдалану тәртібінде іске қосылады.*

д) *шу өлшегіштің көрсеткіштері беркітіледі.*

9.3.14.4 *Сынақтар нәтижелері*

Егер ішкі шу деңгейі 7.2 талаптарына сәйкес болса, өрт сөндіру автомобилі сынақтан өтті деп саналады.

9.3.15 Өрт сөндіру автомобилінің жүргізуші кабинасында және (немесе) салонында газдылық деңгейін анықтау бойынша сынақтар

9.3.15.1 *Сынақтар құралдары:*

а) *абсолютті өлшеу қателігі 5% көп емес ГОСТ 17.2.6.02 бойынша автоматты тасымалды газталдағыш;*

б) *абсолютті өлшеу қателігі ± 2,5 °С көп емес минус 15 °С тан 45 °С дейін қоршаған ауа температурасын өлшеуге арналған термометр;*

в) *өлшем дәлдігі 0,1 с дейін секундомер және шекті салыстырмалы қателігі 3 % көп емес;*

г) *бөлу бағасы 1 мм металл рулетка* ГОСТ 7502 бойынша*;*

д) *салыстырмалы өлшем қателігі 2 % көп емес атмосфералық ауаның дымқылдығын өлшеуге арналған құрал;*

е) *бөлу бағасы* 1° ГОСТ 5378 *бойынша бұрыш өлшегіш.*

9.3.15.2 *Сынақтарды жүргізу шарттары*

Өрт сөндіру автомобилінің сынақтары қатты жабындары бар және (2,0 ± 0,5) % көлбеу жолдарда жүргізіледі.

Өрт сөндіру автомобилінің жүргізуші кабиналарының және (немесе) салонының ауасында келесі жағдайларда зиянды заттардың концентрациясы анықталады:

а) *терезе, есік, желдеткіштер, желдету люгы жабылған;*

б) *ауа тазарту жүйесі өшірілген;*

в) *ішкі қайта айналым жүйесі өшірілген;*

г) *ықтиярсыз желдету қосылған;*

д) *жылытулар жүйесі өшірілген.*

9.3.15.3 Сынаққа дайындық

Сынақтар өрт сөндіру автомобилі жұмысының екі тәртібінде жүргізіледі:

а) *1 тәртіп - жылдамдылығы (50 ± 5) км/с қозғалыстардың белгіленген тәртібі.*

Механикалық беріліс қорабы бар өрт сөдіру автомобильдері үшін орнықты қозғалысты қамтамасыз ететін жоғарғы берілісі таңдалады;

б) *2 тәртіп - бос жүріс, дайындаушы-зауыттың нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамасында қойылған қозғалтқыштың ішкі білігі айналудың ең төменгі орнықты жиілігімен қозғалтқыш жұмысында қимылсыз өрт сөндіру автомобилі үшін,*

90 % сыйымдылыққа дейін жанармай бағы толтырылады.

Өрт сөндіру автомобилінің терезесі, есіктері, желдету люгы жабылады.

Өрт сөндіру автомобилі 5 °С көп емес сынақтар уақытындағы ауа температурасынан айырмашылығы бар ауада температурасында жабық бөлмеде 6 с кем емес ұсталады.

9.3.15.4 *Сынақтарды жүргізу*

1-тәртіпте өрт сөндіру автомобилын сынау келесі тізбекте жол жағдайларында өткізіледі:

а) қозғалтқыш қосылады, жабық бөлмеден жолға орын алмастырады.

Өрт сөндіру автомобилі көлік жүретін бөлік жағында тұрақта тоқтатылады, қозғалтқыш тоқтатылады, терезе, есіктер, желдету люгы ашылады, салон желдетіледі;

б) *(5 ± 1) минуттан соң терезелер, есіктер және желдету люгы жабылады;*

в) *қозғалтқыш қосылады, бағыт бойынша қозғалыс басталады. Қозғалыс жылдамдылығы белгіленеді (50 ± 5) км/с, сынақтар шарттары және желдету,жылыту жүйелерінің жұмыс тәртіптері қамтамасыз етіледі;*

г) *тәртіпке шығудан кейін (20 ± 5) минуттан соң еденнен (1,0 ± 0,05) м биіктікте, қозғалыс жүрісі бойынша сол және оң жақтан өрт сөндіру автомобилінің жүргізуші кабинасында және (немесе) салонында зиянды заттарға экспресс-талдау және (немесе)ауаның сынамаларына іріктеу өткізіледі.*

2-тәртіпте өрт сөндіру автомобилін сынау ашық алаңда 1-тәртіпте сынақтарды өткізуден кейін тікелей тұрақта өткізіледі.

Сынақтар басталу алдында сыналатын өрт сөндіру автомобилінден 5 м ден 10 м дейін радиуста сынау аумағында атмосфералық ауада зиянды заттарға экспресс - талдау өткізіледі.

Өрт сөндіру автомобилі қолданылған газдар ағынының бағыты желге қарсы бағдарланатындай орнатылады.

Қозғалтқыш қосылады және барынша тәртіпте өрт сөндіру автомобилінің электркүш қондырғысы жұмыстарының тәртібі белгіленеді, сондай-ақ сынақтар шарттары және желдету, жылыту жүйелерінің жұмыстарының тәртіптері қамтамасыз етіледі.

Тәртіпке шығудан кейін (20 ± 5) минуттан соң еденнен (1,0 ± 0,05) м биіктікте, қозғалыс жүрісі бойынша сол және оң жақтан өрт сөндіру автомобилінің жүргізуші

кабинасында және (немесе) салонында зиянды заттарға экспресс-талдау және (немесе)ауаның сынамаларына іріктеу өткізіледі.

Зиян заттардың экспресс-талдауы келесі тізбекте жүргізіледі:

а) *сынақ басталу алдында газталдағышы қосылады;*

б) *газталдағышы жылытылады және жұмыс тәртібіне 20 мин кем емес ішінде шығарылады;*

в) *өлшем тәртібіне газталдағышы өткізіледі және сынақтар тәртіптерін орындау уақытында зиянды заттардың құрамының нәтижелері тіркеледі.*

5 мин ішінде анықталатын зиян заттардың әрбірінен газталдағыш көрсеткішінің бестен кем емесі тіркеледі.

Анықталатын зиян заттардың әрбір бойынша өлшемдердің соңғы нәтижелері ретінде мәннің абсолютті шамасы бойынша ең көбі қабылданады.

1 және 2 тәртіптерде сынақ кезінде іріктелген ауаның сынамалары зиян заттарды олардың бұдан әрі қарай өңдеу және сандық талдау үшін талдау зертханасына беріледі.

9.3.15.5 Сынақтар нәтижелері

Егер мөлшерленген зиянды заттардың әрбірінен өлшемдердің тіркелгені мәндері 7.3 талаптарға сәйкес келсе, және өлшемдердің барлық нүктелерінде ҚР СТ ГОСТ Р 51206 белгіленген шекті рұқсат етілетін концентрациялардың мәндерінен аспаса, өрт сөндіру автомобилы сынақтан өтті деп саналады.

9.3.16 *Қозғалтқыштың қолданылған газдарының түтінділігін анықтау бойынша сынақтар*

9.3.16.1 *Сынақтар құралдары* ҚР СТ 1433 және ГОСТ 17.2.2.01 бойынша.

9.3.16.2 *Сынақтарды жүргізу*

Электркүш қондырғысы жұмыс істеу кезінде бензин қозғалтшышы бар Өрт сөндіру автомобилынің қолданылған газдарында көміртек тотығының құрамы ҚР СТ 1433 талаптарына сәйкес анықталады.

Электркүш қондырғысы жұмыс істеу кезінде дизельді қозғалтшышы бар өрт сөндіру автомобилынің қолданылған газдарының түтінділігі ГОСТ 17.2.2.01 *талаптарына сәйкес анықталады.*

9.3.16.3 *Сынақтар нәтижелері*

Егер алынған мәндер 7.4 және 7.5 *талаптарына сәйкес келсе, өрт сөндіру автомобилы сынақтан өтті деп саналады.*

9.3.17 Жарықтандыру деңгейін анықтау бойынша сынақтар

9.3.17.1 *Сынақ құралдары:*

а) *өлшеу қателігі 10 % артық емес, фотоэлектр люксметр;*

б) *вольтметр* ГОСТ 8711 бойынша;

в) *бөлу бағасы 1 мм, металл рулетка* ГОСТ 7502 бойынша;

9.3.17.2 *Сынақтарға дайындық*

Өрт сөндіру автомобилынің жүргізуші салонында және кабинасында жарықтық деңгейін анықтау бойынша сынақтар тәуліктің қараңғы уақытында жүргізілуге тиіс.

Жарықтықтандыруды өлшеу алдында бүйір энергетикалық жүйелер қуатының жалпы балансына ықпал ететін электр энергияның барлық ықтимал тұтынушылары номиналды жұмыс тәртібіне шығарылады және өрт сөндіру автомобилынің бүйір желілерінің кернеуі өлшенеді.

ЕСКЕРТПЕ *Өрт сөндіру автомобилынің бүйір желілері кернеулерінің тербелістері номиналды кернеуден ± 1 көп болмауға тиіс.*

Өрт сөндіру автомобилынің қозғалтқышы жылытылған және бос жүріс жұмысының номиналды тәртібіне шығарылады.

9.3.17.3 *Сынақтарды жүргізу*

Фотоэлектрлік люксметр көмегімен сынақтарды өткізу кезеңінде келесі орындарда жарықтықтандыру (бақылау нүктелерде) анықталады:

а) еден деңгейінен (1,0 ± 0,05) м биіктікте жүргізушінің жұмыс орнында (1,0 ± 0,05) м;

б) еден деңгейінен (1,0 ± 0,05) м биіктікте салон өткелінде;

в) сатылар және баспалдақтар бетінде;

г) электр қалқандардың беткі беттерінен, электркүш қондырғысының жұмыстарын басқару пультынан, басқа құралдардан және аппаратурадан (0,3 ± 0,01) м қашықтықта;

д) ТОЖҚҚ қызмет көрсету үшін үстел бетінен (0, 3 ± 0, 01) м биіктікте;

9.3.17.4 Сынақ нәтижелері

Егер жарықтандыру деңгейі 5.3.11 және 5.4.4 талаптарына сәйкес келісе, өрт сөндіру автомобилі сынақтан өтті деп саналады.

9.3.18 Тербеліс деңгейін анықтау бойынша сынақтар

9.3.18.1 *Сынақтар құралдары* ГОСТ ИСО 8041 бойынша.

9.3.18.2 *Сынақтарды жүргізу*

Жалпы және жергілікті бербеліс шамасы ГОСТ 12.1.012, ГОСТ 31191.1 және ГОСТ 31192.1 талаптарына сәйкес өлшеніге тиіс.

Тербеліс деңгейі жүргізушінің кабинасында және салонында өрт сөндіру автомобилінің қозғалысы кезінде, сондай-ақ оператордың жұмыс орнында арнайы агрегаттар жұмысында тұрақты анықталады.

Өлшемдерге нүктелерінің операторға тербеліс жүктемесін бағалау үшін тербеліс бетімен операторменен байланысу орнындар таңдалуға тиіс.

Тербелісті түрлендіргіштен операторы қатысуымен жергілікті тербелісті өлшеу кезінде аумалы-төкпелі элементте– адаптерге қойылған болуға тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Бұранда шегеде, магнитте немесе қатты қамыт көмегімен тербеліс түрлендіргішті қондыруға рұқсат етіледі.

Жалпы тербелісті өлшеу кезінде тербелісті түрлендіргіш оператор орындығында орналастырылған аралық дискіде ГОСТ 27259 сәйкес қойылған болуға тиіс.

Жергілікті тербелісті өлшеу кезінде құрал көрсеткіштерін орташаландыру (интегралдау) уақыты 1 кем емес, ал жалпы тербеліс 10 с кем емес болуға тиіс.

Өлшемдер үздіксіз немесе уақыт тең уақыт аралықтары арқылы (дискретті) жүргізілуге тиіс.

Үздіксіз өлшеуде бақылау ұзақтығы жергілікті тербеліс үшін 5 мин кем емес, ал ортақ тербеліс үшін 15 мин кем емес болуға тиіс.

9.3.18.3 *Сынақтар нәтижелері*

Егер жалпы және жергілікті тербелістің алынған барынша коп мәндері 5.1.8 талаптарына сәйкес келісе, өрт сөндіру автомобилі сынақтан өтті деп саналады.

9.3.19 Жарықтандыру діңгегінің жұмысқа қабілеттілігін анықтау бойынша сынақтар

9.3.19.1 *Сынақтар құралдары*

а) *бөлу бағасы 1° ГОСТ 5378 бойынша бұрыш өлшегіш;*

б) *бөлу бағасы 1 мм, ГОСТ 7502 бойынша металл рулетка.*

9.3.19.2 Сынақтарды жүргізу

Жарықтандыру діңгегінің көтеру және түсіру тетіктерінің жұмысқа қабілеттілігін анықтау бойынша сынақтарды, сондай-ақ кеңістікте прожекторлардың бағдарын аралығы 0,5 ± 0,01) м аралық бағыт жұмысқа қабілеттілік анықтау бойынша сынаулар аралығымен аралық нүктелерде тоқтаумен және көлденең және тік тұрғыларда прожекторлардың бұрылысымен барынша биіктікке діңгекті көтеру жолымен өткізілуге тиіс.

Сынақтар процесінде келесі параметрлер тексеріледі:

а) көтеру және түсіру тетігі жұмыстарының байсалдылығы, сонымен жарық беруші діңгек ұстап қалусыз және жұлқынусыз татылуға және түсірілуге тиіс;

б) Прожекторлардың жұмысқа қабілеттілігі;

в) жарықтандыру діңгегінің жағдайы туралы хабарлайтын жарық индикациясы жұмысының тиімділігі (тартылған жұмыс немесе көлік);

г) жер деңгейінің үстінде прожекторларды көтерудің барынша көп биіктіктігі;

д) кеңістікте прожекторлардың бағыттары тетігі жұмыстарының тиімділігі;

е) көлденең және тік жазықтықта прожекторлардың бұрылыс бұрыштарының ауқымы;

ж) жарық беруші діңгектердің тежегіш құрылғыларының тиімділігі.

9.3.19.3 *Сынақтар нәтижелері*

Егер алынған мәндер 5.3.10, 5.8.1 – 5.8.4 талаптарына сәйкес келісе, Өрт сөндіру автомобилінің тұрақты жарықтандыру діңгегі сынақтан өтті деп саналады.

9.3.20 Сындарлы тәзімділікті анықтау бойынша сынақтар

9.3.20.1 *Сынақтарды жүргізу*

Өрт сөндіру автомобилінің сындарлы төзімділігі түрлі санатты жолдар бойынша полигондық (жол) сынақтар жүрісінде анықталады. Полигондық (жол) сынақтарының ұзақтығы 100 км кем емес болуы керек.

Полигондық (жол) сынақтары алдын ала сынақтар сатысында дайындаушы-кәсіпорнымен жүргізілуге тиіс.

Тікелей полигондық (жол) сынақтары алдында және олардың аяқталуынан кейін, сондай-ақ жүгірістің әрбір (20,0 ± 0,5) км кейін 5 мин кем емес номиналды жүктеме тәртібінде ЭКҚ жұмысқа қабілеттіліктерін тексеру жүзеге асырылады.

9.3.20.2 *Сынақтар нәтижелері*

Өрт сөндіру автомобилі сынақтан өтті деп саналады, егер:

а) Өрт сөндіру автомобилінің жабдықтары мен аппаратуралардың тұрақты және жиналмалы элементтерінің бекітпелері, құрлымның тұтастығы бұзылуы жоқ;

б) жабдық және аппаратура жұмысқа қабілетті күйде болады.

9.3.21 Сенімділік кәрсеткіштерін анықтау бойынша сынақтар

9.3.21.1 Сынақтарға дайындық

Өрт сөндіру автомобилін сенімділікке сынау:

а) *үш жылда бір реттен сирек емес (гамма-пайыздық жұмысты бақылау);*

б) *алты жылда бір реттен сирек емес (гамма-пайыздық бақылау) өткізіледі.*

Есептен шығаруға дейін өрт сөндіру автомобилінің толық орташа қызмет мерзімін анықтау бойынша сынақтар өртке қарсы қызметтердің негізгі гарнизондарында өрт сөндіру автомобилінің бақылаулы пайдаланымында статистикалық деректерді жинау және өңдеу әдісімен өткізіледі.

9.3.21.2 Сынақтарды жүргізу

а) тәжірибелі үлгі (үлгілерді) сынау

Өрт сөндіру автомобилінің тәжірибелі үлгісінің (үлгілерінің) сенімділігіне сынау қабылдау сынау құрамында өткізіледі. Сынақтар үшін үлгілер саны техникалық тапсырмада аталуға тиіс.

Сынақтарды өткізу кезеңінде өрт сөндіру автомобилінің арнайы агрегаттарының және олардың жетегінің ақауға дейін гамма-пайызды (80 %) еріксіз келтіруін анықтайды.

Өрт сөндіру автомобилі агрегаттарының гамма-пайыздық (80%) ресурсы бірінші күрделі жөндеуге дейін пайдалану шарттарында өрт сөндіру автомобилін бақылау нәтижелері бойынша анықтайды.

б) *Сериялық өндірістің өрт сөндіру автомобилін сынау.*

Сериялық өндірістің өрт сөндіру автомобилын сенімділікке сынау кезеңділік және бір үлгідегі сынақар құрамында өткізіледі.

Өрт сөндіру автомобилынің гамма-пайыздық жұмысы және гамма-пайыздық ресурсын анықтау бойынша сынақтар келесі бастапқы деректерде өткізіледі :

- регламенттелген ықтималдық80 %;

- өрт сөндіру автомобилы бірліктерінің 1 мыңнан кем шығарылымның жылдық көлеміндегі сенімділік ықтималдығы –80 %.

Сыналатын өрт сөндіру автомобильдерінің саны –8 бірлік.

Ақаулардың қойылған саны (шекті күйлердің) - 1.

Өрт сөндіру автомобилынің сынақтары циклдік тәртіпте өткізіледі.

Циклдік тәртіп келесі тізбекті операцияларды қосуға тиіс :

- электр қондырғыны іске қосу;

- жарық беруші дңгектердің жұмысы;

- қозғалтқышты тоқтату.

в) *Негізгі қоректену көзін сынау.*

Сенімділік көрсеткіштерін анықтау бойынша негізгі қоректену көзді сынау ҚР СТ ГОСТ Р 53176 *талаптарына сәйкес өткізіледі.*

9.3.21.3 *Сынақтар нәтижелері*

Егер сынақтар нәтижелері 5.12.1 және 5.12.2 талаптарына сәйкес келсе, өрт сөндіру автомобилы сынақтан өтті деп саналады.

9.3.22 ***Қорғайтын және қорғайтын-сәндік лак-бояу жабындардың сапасын анықтау бойынша сынақтар***

9.3.22.1 *Сынақтарды жүргізу*

Қорғайтын және қорғайтын-сәндік лак-бояу жабындардың сапасын анықтау бойынша сынақтар ГОСТ 9.032, ГОСТ 9.104, ГОСТ 9.302 және ГОСТ 9.303 *талаптарына сәйкес өткізіледі.*

9.3.22.2 *Сынақтар нәтижелері*

Егер:

а) қорғайтын және қорғайтын-сәндік лакты сыртқы жабындардың сапасы 5.11.3, 5.11.5–5.11.12 талаптарға сәйкес болса;

б) салон еденінің жабыны жылжуға кедергі болатын тоттануға-тұрақты материалдардан орындалса, өрт сөндіру автомобилы сынақтан өтті деп саналады.

9.3.22.2 *Сынақтар нәтижелері*

Егер:

а) *қорғайтын және қорғайтын-сәндік лак-бояу жабындардың сапасы 5.11.3, 5.11.5 – 5.11.12 талаптарына сәйкес өткізілсе;*

б) *салон еденінің жабыны жылжуға кедергі болатын тоттануға төзімді материалдардан орындалса, өрт сөндіру автомобилы сынақтан өтті деп саналады.*

9.3.23 Жарықтандыру, жарық және дыбыстық апаттық сигналдау құрылғысының жұмысқа қабілеттілігін анықтау бойынша сынақтар

9.3.23.1 *Сынақтарды жүргізу*

Өрт сөндіру автомобилы шасиінің жарықтандыру, жарық және дыбыстық апаттық сигналдау құрылғысының жұмысқа қабілеттілігін анықтау бойынша сынақтар ҚР СТ 41.48, ГОСТ 8769 және БҰҰ ЕЭК№ 3, № 4, № 6, № 7, № 23, № 65, № 87 және № 91 ережелерінің *талаптарына сәйкес өткізіледі.*

9.3.23.2 *Сынақтар нәтижелері*

Егер жарықтандыру, жарық және дыбыстық апаттық сигналдау құрылғысы 5.2.3 талаптарына сәйкес келсе, өрт сөндіру автомобилы сынақтан өтті деп саналады.

9.3.24 ***Радиобөгеттер деңгейін анықтау бойынша сынақтар***

9.3.24.1 *Сынақтарды жүргізу*

Радиобайланыс құралдарымен бірге белгіленген жабдықтар мен аппаратуралардың индустриалды радиобөгеттерінің деңгейі ГОСТ 30429 *бойынша анықталады.*

Өрт сөндіру автомобилі қозғалтқышынан сәулеленетін индустриалды радиобөгеттерінің деңгейі ГОСТ 30805.12 *бойынша анықталады.*

9.3.24.2 *Сынақтар нәтижелері*

Егер индустриалды радиобөгеттердің деңгейі 5.2.7, 5.5.1.11, 5.5.3.10 – 5.5.3.13 талаптарына сәйкес келсе, өрт сөндіру автомобилі сынақтан өтті деп саналады.

9.3.25 Түсграфиялық сұлбаны бағалау бойынша сынақтар

9.3.25.1 *Сынақтарды жүргізу*

Өрт сөндіру автомобилінің сыртқы беттері жабынының түсі ҚР СТ 1863 бойынша *түсграфиялық сұлбаларға сәйкес анықталады.*

9.3.25.2 *Сынақтар нәтижелері*

Егер өрт сөндіру автомобилінің бояуы 5.2.2 және 5.11.4 талаптарына сәйкес келсе, өрт сөндіру автомобилі сынақтан өтті деп саналады.

10 *Тасымалдау және сақтау*

10.1 *Өрт автомобильді тасымалдау орамасыз кез келген көлік түрімен рұқсат етіледі.*

ЕСКЕРТПЕ *Өз жүрісімен өрт автомобильдерді тасымалдауға рұқсат етіледі.*

Тасымалдауға өрт сөндіру автомобилын дайындау 5.14 және 5.15 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

10.2 *У және ХЛ орындалымында* ГОСТ 15150 бойынша *7 тобы бойынша, тасымалдау шарттары 4 және 7 топтары бойынша консервация күйінде өрт сөндіру автомобилынің сақтау шарттары.*

Механикалық әсерлер бөлігінде тасымалдау шарттары ГОСТ 23170 *бойынша.*

10.3 *Тасымалдау үшін дайындалған өрт сөндіру автомобилі ГОСТ 9.014 бойынша «ВЗ-1» нұсқасы бойынша консервіленген болуға тиіс.*

